



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕСТИТИН МЕМЛЕКЕТКЕ» ҚАШАН АЙНАЛАМЫЗ?



Президенттің осы нұсқауы біртіндеп жүзеге аса бастады. Халықтың арыз-арманы, өтініш тілегі енді атқарушы, жергілікті билік тарапынан назарға алынып, күрмеуі қиын мәселелердің түйіні шешіледі. Бұл, ең алдымен, «Еститін Үкімет» бағдарламасының қол жеткізген алғашқы жетістіктері.

Билікті бұқараға барынша жақындатып, халықтың кез келген мәселесін шенеуліктердің шешуіне жол ашқан тұжырымдаманың маңызы зор.

Халық үнін есту үшін Президент әкім-қараға әлеуметтік желілерді ұтымды пайдалануды ұсынды. Бұған дейін де халық әлеуметтік желіде белсенді бола бастаған-ды. Бұл белсенділік енді құзырлы орындардың интернет кеңістігіндегі кері байланысымен нығайды. Қазір қоғамдағы даулы мәселелер facebook, instagram, telegram әлеуметтік желілері арқылы тез тарап, халықтың да кез келген проблемасы, азаматтық пікірлері осы желілерде жариялануда. Жалпы, қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты сараптап қарайтын болсақ, ақпараттың үлкен ағыны сол әлеуметтік желілер арқылы өтетінін байқауға болады.

Бүгінгі күні әлеуметтік желілер арқылы петицияларға қол қойылып, жұртшылық өз үндерін желі арқылы жеткізіп жүр. Демек, Мемлекет басшының шенеуліктерді әлеуметтік желіде белсенді болуға шақыруы бекерден бекер емес.

(Соңы 3-бетте)



«АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША,
ТАЛ ҚАЛСЫН»

3-бет



ҚОЙ ЖҮНІН КӘДЕГЕ ЖАРАТА
АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

5-бет



Зұлфұхар ЖОЛДАСОВ, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасы:

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШИЕЛЕНІС
ОШАҚТАРЫНЫҢ КАРТАСЫ
ӘЗІРЛЕНДІ»

8-бет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Ғалымжан ЖУРХАЕВ,
Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы бойынша
ҰҚК-нің Шекара қызметі департаменті
Әскери-медициналық бөлімінің басшысы:

«ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ КҮШІ – ЖАУЫНГЕРЛІК ДОСТЫҚТА»

– Ғалымжан Бахтыбайұлы, шекара қызметінде әскери борышын өтегісі келетіндерді таңдауда қандайда бір ерекшеліктер бар ма әлде жастардың қалауына қарай іріктеле ме?

– Қазақстан бойынша ең бірінші әскерге Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне шақырылады. Бұл тұрғыда жас жігіттер медициналық тексеруден өтеді. Олардың отбасылық жағдайы, әулетінде істі болғандар, яғни, сотталғандардың бар-жоғы тексеріледі.

Шекара қызметіне таңдалғандардың денсаулығын өзіміздің дәрігерлер де жан-жақты әрі мұқият қарайды. Мерзімді әскери борыштарын шекара қызметінде өтегісі келетін сарбаздарға жоғары талаптар қойылады.

(Соңы 5-бетте)

ЭКОЛОГИЯ

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛДЫ

Жақында Халықаралық Аралды құтқару қорының Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссиясының (ОДМК) кезекті отырысы өтті. Оған Орталық Азия елдерінің табиғатты қорғау мекемелерінің басшылары мен Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссиясының құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдарының өкілдері қатысты. ОДМК Консультативтік кеңесінің отырысы мәжілісінде оған төрағалық ету өкілеттіктерін Өзбекстаннан Қазақстанға беру рәсімі жүргізілді. Жалпы, ОДМК-ға төрағалық етуді табиғатты қорғау ведомстволарының министрлері ротациялық негізде әрбір 2 жыл сайын жүзеге асырады.

Қазақстан экономика мен әлеуметтік әл-ауқат негізі ретінде табиғи экожүйелердің тұрақтылығында климаттың өзгеруі мен су ресурстарының ағынына тәуелді ел ретінде аймақтық ынтымақтастыққа ерекше мүдделі. Қазақстанның төрағалық ету кезеңіндегі ОДМК-ның жұмыс жоспарлары туралы баяндама жасаған ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешев өзінің Twitter-дегі парақшасында да «алға қойылған міндеттерді бірлесіп шешуге бар күш-жігерін салатынын» атап өтті.

Жалпы, онлайн форматта өткен бұл оты-



рыс барысында бірқатар шешімдер қабылданып, Орталық Азияның 2030 жылға дейінгі орнықты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламаны іске асырудың Жол картасы мен ОДМК ғылыми-ақпараттық орталығының (ОДМК ҒЗО) жаңартылған ережесі бекітілді. Сондай-ақ Душанбе қаласында қалдықтар бойынша аймақтық орталық ашу мәселелері қарастырылды.

Орнықты даму жөніндегі мемлекетаралық комиссия 1994 жылдың 19 шілдесінде Ашхабад қаласында өткен Арал теңізі бассейні мәселелері бойынша мемлекетаралық комиссия шешімімен құрылған болатын. Оған 2015-2019 жылдары Түрікменстан, 2019-2022 жылдары Өзбекстан төрағалық жасады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

ОРТАҚ МҮЛІКТІ БӨЛГЕНДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Соңғы жылдары еліміздің соттарында неке бұзу туралы істердің көбейгені рас. Бұрын ажырасуға арыз беретіндер қалалық жерлерде көп болса, қазір бұл мәселе ауылдық жерлерге де жетті. Заңды тіркелген әрбір үшінші некенің біреуі бұзылуда. Бұл еліміздегі отбасылық құндылықтардың әлсірегенін, ұлттық тәрбиенің ұмытыла бастағанын көрсетеді. Әсіресе, жастардың санасына шетелдік өркениеттің зор ықпалын тигізіп отырғанын жасыруға болмайды. Соның салдарынан еркіндік дегенді еріне бағынбау, жоғары талғам дегенді бірнеше әйел алу деп түсінетіндер

ғандай, неке бұзылғаннан кейін ортақ мүлікке қатысты мәселені бейбіт түрде, өзара келісіммен шешетіндер өте сирек. Бұл жерде де азаматтардың сауат деңгейі бірден байқалады. Мәселен, кейбір азаматтар «әйелім ешқашан жұмыс істемеді, бала бағып үйде отырды. Осы уақытқа дейін алған мүліктің бәрі маған тиесілі» деп жатады. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» кодексіне дәйектелгендей, ерлі-зайыптылардың қанша табыс тауып, қанша еңбек еткеніне қарамастан, отбасылық кезеңде алынған мүліктің барлығы ортақ болып таныла-

қолданыс заттары, сонымен бірге, неке тоқтатылып, жеке тұрған кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсы жинаған мүлік танылады. Яғни, ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін өз атына ресімдеген мүлкі бөліске салынбайды. Сонымен қатар, отбасылық өмірде ерлі-зайыптының бірі мұрагер ретінде жылжымайтын мүлікке не болса, туыстары мүлікті сыйға тартса, оған екінші тарап таласа алмайды. Неке кезінде біреуден сыйға алған дүниеге әркім өзінше иелік етеді. Дегенмен, сот жекелеген жағдайлар бойынша ұсынған айғақтарды негізге ала отырып мүлікке қатысты дауларды шешеді. Мәселен, үй күйеуінің. Бірақ әбден ескірген, тозған үйді әйелі екеуі бірге жөндеп, бөлме қосып, ауланы абағандырып заманауи жағдайға келтірді делік. Мұндай жағдайда екінші тарап үйге таласа алмағанымен, үйді жөндеуге кеткен шығыннан өз үлесін ала алады. Тек ол үшін нақты дәлел, куәлар керек.

Сондай-ақ үйді бөлуге қатысты қиындық та аз емес. Заңға сүйене отырып, ерлі-зайыптыларға тиесілі мүлікті теңдей бөлу қиындық тудырмайды. Алайда, соңғы жылдары мемлекеттен жеңілдікпен, төменгі пайызды несиенен үй алуға үміті бар жандардың өз атындағы жылжымайтын мүлікті туыстарының атына жазып қоюы жиі кездесетін жағдай. Мұндай кезде бөтен адамның атында тұрған мүліктің өзіне тиесілі екенін дәлелдеу оңайға соқпайды. Кейбір азаматтар заңды айналып өтеміз деп осылай барынан ажырап жатады. Ал енді некесі заңды түрде тіркелгендер осындай түйткілмен бетпе-бет келіп жатқанда, азаматтық некеге тұратындардың мәселесі қандай қиын екенін айту артық. Сондықтан ажырасудың, азаматтық некенің алдын алу үшін отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұлттық салт-дәстүр, иманымызды ұмытпағанымыз абзал.

Н.ҚАЛИЕВ,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



баршылық. «Өз қалауыммен өмір сүрем» дейтіндер азаматтық неке деген қазақы санаға мүлде жат ұғымды қолданысқа енгізді. Азаматтық неке – жауапсыз одақ. Одан туған балалардың, бірлесіп өмір сүрген кезде жиналған мүліктің мәселесін шешу заңдық тұрғыдан өте қиын.

Азаматтық некедегі жандар тұрмақ, заңды некеде тұрған ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлуде де қиындық аз емес. Мұндағы басты кемшілік – құқықтық сауаттың төмендігі, салғырттық. Өйткені біздің азаматтарда әлі күнге дейін неке шартын жасау тәртібі қалыптаспаған. Ажырасқан кезде ғана өзіне тиесілінен қағылған жандар мандайын тасқа ұрып жатады.

Жалпы, сот тәжірибесі көрсетіп отыр-

ды. Тиісінше, мүлік ерлі-зайыптыларға теңдей үлеспен бөлінеді. Алынған үй, саяжай, дүние, көлік, жер телімі, акциялар қалай тең бөлінсе, ерлі-зайыптылар бірге өмір сүрген кезде рәсімделген ипотека, несие, қарыздың да жауапкершілігі бірдей бөлінетінін естен шығармауымыз керек.

Ал қандай мүліктер бөлінбейді? «Неке және отбасы туралы» кодекстің 35-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың жеке меншігі деп некеге отырғанға дейін әрқайсысына тиесілі болған мүлік, мұрагерлік тәртібінде немесе ақысыз мәмілелер бойынша ерлі-зайыптылар некеде болған кездегі мүлік, ерлі-зайыптылардың ортақ қаржысы есебінен сатып алынса да, жеке

ЖЕПІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ӨЗІНДІ ДЕ, ӨЗГЕНІ ДЕ ТОНАҒАНМЕН ТЕҢ



Ү. ОРАЗГЕЛДИ,
Қызылорда облысы
Әділет департаменті басшысының
орынбасары

«Алаған қолым – берем». Бірақ осы алу мен беруге құмартқан халықтың болашағы бұлыңғыр. Себебі әлеуметтік қасіретке айналған жемқорлық мәселесі бәрімізді алаңдатады. Жасыратыны жоқ, кейбірінің көкейінде пара алмай пайда табу, пара бермей пәрменге қол жеткізу мүмкін емес деген жаңсақ түсінік қалыптасқан. Алайда, бұл түсінікті санадан алып тастау қажет. Бұл – қоғам болып күресуді қажет ететін ортақ кесел.

Ата-бабаларымыз дөп басып, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Оған әділдік пен турашылдықты ту еткен Төле, Қазыбек, Өйтеке секілді билер мен шешен-

дердің өмірі дәлел. Қазақстан заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмысына негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен мыңдаған сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық істер тіркеледі. Бұл мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарынан тыс қалмады.

«Біріншіден, бізде жемқорлыққа қарсы күресте қару бола алатын мықты мемлекеттік институттар бар. Мемлекеттік аппарат жұмыс істеу тәсілін өзгертіп, жемқорлықтың жолын кесуі керек. Екіншіден, жемқорлықпен күрес халықтың табанды сұранысына ие. Әкімшілік сауалнама жүргізеді, өзім де ел аралап жүремін. Сонда байқағаным, біздің қоғам жемқорлықпен ымырасыз күресуге дайын. Үшіншіден, біздің елді дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жоспарларымыз жемқорлықты түбегейлі жойған жағдайда ғана жүзеге аспақ», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы биыл өзінің тапсырмасы бойынша әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Ең бастысы, әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылған еліміздің болашағы бар және біз уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойып отырмыз. Ол жол – жемқорлықпен күрес жолы.

Бұл барлық адамзаттың борышы деп білу керек. Себебі жемқорлық өзге жемтік болу ғана емес, бұл өзінді де, өзгені де тонағанмен тең. Жарқын болашаққа балта шабумен пара-пар. Экономикалық емес, алдымен рухани кесел. Жанның кеселі. Ал біз жанды және болашағымызды таза күйінде сақтап қалғанда ғана саумыз, азатпыз деп айта аламыз.

КЕСЕЛ

МАС ЖҮРГІЗУШІ – ҚЫЛМЫСҚЕР

Жол жүру қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту – амалсыз шара. Жолдағы жүгенсіздіктің кемудің орнына өсіп бара жатқанын статистикалық деректер де айғақтайды. Мәселенің маңыздылығын түсінген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдағы жағдай алаңдаушылық тудыратынын және мас күйде автокөлік жүргізгендер үшін жазаны қатаңдату қажеттілігін атап өткен еді. «Заңға өзгертулер енгізуді тапсырдым. Алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені үшін, сондай-ақ мал ұрлығы үшін берілетін жазаны қатаңдату қажет», – деген еді Президент. Осы ескертуден кейін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң күшіне енген болатын.

Заман ілгерілеп, қоғам дамыған, азаматтардың құқықтық сауаты өскен бүгінгідей уақытта тұрғындардың жол апатынан қаза табуы жақсылықтың нышаны емес. Осы жағдайдың алдын алу үшін мемлекет тарапынан қолға алынған шаралар баршылық. Азаматтардың сана-сезімін оятып, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында көрнекі жерлерге ескерту, сақтандыру хабарламалары ілінп келеді. Сонымен бірге, пәрменді шара ретінде мас күйінде рөлге отырғандарға қатысты қолданылатын жаза да қатайтылды. Алайда, заңнамадағы жаза қатаңдатылғанмен, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қолға алынған жұмыстардан толық нәтиже шықты дей алмаймыз. Бұлай кесіп айтуымыздың себебі жоқ емес.

Мәселен, бірінші рет көлікті алкогольдік, есірткілік, психотроптық мән-сана күйде тізгіндегендер, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сәйкес, он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынып және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Бұл мерзім – құқық бұзушының ойлануына, қателігінен сабақ алуына жеткілікті уақыт. Өкінішке орай, 15 тәулікке қамалып, жүргізуші куәлігінен айырылғаны аздай, құқықбұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасайтындар да кемейі келеді. Қылмыстық кодекстің 346-бабы толықтай өзгертілді. Соған сәйкес, егер көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде тағы рөлге отырғаны анықталған адамға белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5000 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалатыны көрсетілген. Заңдағы осы жаңашылдықты көпшіліктің қаперіне салып, қателіктен сақтандыру – парызымыз.

Қ. ДАРХАНОВА,
Алматы аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

АЗАМАТТАР АРЫЗЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – билік пен халық арасындағы сенім көпірін жандандыратын тетік. Бұл тұжырымдама азаматтардың талап-тілегін ескере отырып қадам жасауға, халықты мемлекеттік қызметті ілгерілету ісіндегі белсенділігін арттыруға бағытталған. Азаматтар жиі бетпе-бет келетін әлеуметтік салалардың жұмысын жетілдіру, құқық қорғау органдарының қызметін пысықтау кезек күттірмейді. Мұндай нәтиже құқықтық сауатты көтерумен тікелей байланысты. Қазақстандықтар өз құқығының бұзылуына жол бермеу үшін қарапайым құқықтық шешімдерден хабары болуы керек. Мәселен, полиция органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды жедел тіркеп қана қоймай, оның қабылданғаны туралы хабарлама-талонды беруге міндетті. Бұл талон шағымның заңды түрде тіркелгенін, сонымен бірге құқықбұзушылықтың қузырлы органның назарына алынғанын айғақтайды.

Полиция органына шағымданғандар хабарлама талонның екі бөліктен тұратынын білгені жөн. Оның бірі – қылмыстық қудалау органында қалатын хабарлама болса, екіншісі – талонның артық жағында өтініш берушіге берілетін ескерту талоны.

Қылмыстың ашылуы, азаматтардың күштік құрылымдарға деген сенімін нығайту, ең алдымен, осы арыз-шағымдарды жедел қабылдап, ресімдеуден бастау алады. Сондықтан полицияда арыздарды есепке алу-тіркеу тәртібі мен заңдылықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды шешу кезінде заңдылықты сақтау полицияның жұмысын бағалайтын басты критерийдің бірі саналатыны сондықтан.

Осы жерде азаматтарды алаңдататын негізгі сауалға жауап берген дұрыс. Айталық, сіз полиция органына келіп, арыз бергеніңізбен, олар арызды қабылдаса, не істеу керек? Азаматтар көбінесе «полиция



уақыттың кеш болып кетуін сылтау етіп арызды қабылдамайды, мені басқа полиция бөліміне жіберді, арызды қабылдаудан бас тартты» деп реніштерін білдіріп жатады. Мұндай жағдаймен бетпе-бет келген жағдайда аумақтық прокуратураға немесе ҚР Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің жергілікті басқармасына жүгінген жөн. Тағы бір ескертілігі, егер арыздың қабылданама, кезекші бөлімдегі қызметкерлерден не себепті қабылдамағанын қағаз жүзінде жаздырып алуға тырысқан дұрыс. Сондай-ақ, арыздың қабылданбағанын бейнежазбаға түсіріп, куәгерлер көмегіне жүгінген артықтық етпейді. Егер дерек расталып, прокуратура органдары өтінішті қабылдаудан бас тарту фактісін анықтаса, арызды қабылдамаған полиция қызметкеріне тиісті шаралар қолданылады. Тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін де азаматтардың өтінішін қабылдау ісінде қайта кемшілікке жол берген қызметкер ішкі істер органдарынан босатылуы мүмкін.

Өйткені мемлекеттік қызметтің басты тұтынушысы – халық. Ал халықтың арызын қабылдауға байланысты полиция қызметкерлері жасайтын әрекет ҚР Бас прокуратураның 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 «Қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы мәлімдемелерді, хабарламаларды

немесе баяннаттарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі. Осы бұйрықта дәйектелгендей, полиция органы қылмыстық құқықбұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қайда жасалғанына, қай кезде орын алғанына, аумағына, сондай-ақ, хабарланған мәліметтердің аздығына қарамастан, тәулік бойы қабылдауы тиіс.

Сондай-ақ бүгінгідей барлық салаға цифрландыру жетістіктері жан-жақты енгізілген кезде азаматтардың өтінішін «Qamqog.gov.kz» интернет-ресурсы арқылы қабылдауға болатынын да ескере кеткен жөн. Онлайн-қабылдау азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеп, әуре-сарсаңнан құтқарады. Ғаламтор арқылы өтініш берген жағдайда азаматтарға өтініштің қабылданғаны немесе өтінішті қараусыз қалдыруға түрткі болған себепті түсіндірген хабарлама келеді.

Азаматтар осындай құқықтық қадамдарды білмегендіктен, полиция арызын қабылдаса, ары қарай ізденбей, істі жылы жауап қоя салады. Прокуратура мұндай заңсыздыққа жол бермейді.

Ақнұр ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы бойынша ҚСЖАЕА
басқармасының бөлім прокуроры

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТКЕ» ҚАШАН АЙНАЛАМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік желіде Үкімет мүшелері, депутаттар, полиция, сот, прокуратура, жергілікті әкімдіктердің парақшалары белсенді бола бастады. Мәселен, Facebook әлеуметтік желісіндегі «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты/Верховный Суд Республики Казахстан» парақшаларына сот үкіміне наразылық танытып, кейбір жандардың арыздарын жазып жатқанын байқаймыз. Әкімдіктерге өз өтінішін қалдырып жататындар көп. Оған Жоғарғы соттың баспасөз хатшылары, әкімдіктердің өкілдері мәселенің назарға алынғанын, нәтижесі хабарланатынын айтып жатады. Бұл көпшіліктің көңіліне үміт ұялатады.

Саясаттанушы Мақсат Жақау «Еститін Үкімет» арқылы биліктің халық үніне құлақ асып, халықпен кері байланыс жасауға тырысқан әрекетінің нәтижелі болып жатқанын байқаймыз. Көп жағдайда азаматтар орталық және жергілікті орган басшыларының құлықсыздығы мен бейқамдығына байланысты Президентке жүгінуге мәжбүр болады. Әр мемлекеттік қызметші, ең алдымен, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, оларды ұшықтырмай, дереу шеше білуі тиіс. Осыны білгендіктен, Президентіміз мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру үшін «Еститін Үкімет» қағидасын қолданса енгізді. Сондықтан Президент Әкімшілігі жанынан азаматтардың ұсыныстары мен шағымдарын қабылдайтын арнайы бөлім ашылды. Бұл – «Еститін Үкіметтің» өз дәрежесінде жұмыс істеуі үшін жасалып отырған шаралардың бірі. Естуімше, ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институты әлеуметтік-экономикалық бөлімінің статистикасына сенсек, алғашқы жылы-ақ, ресми мәліметтер бойынша, 30 мыңнан астам шағым келіп түскен көрінеді. Әрине, бұл жақсы көрсеткіш емес. Бірақ мұндай құрылымның болуы, Президент Әкімшілігінің бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп отырғанын білдіреді, – дейді.

Халқының үніне құлақ асқан Үкіметтің халық сеніміне де лайық болатыны сөзсіз.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

НАРЫҚ



ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІК ЖОЙЫЛАР КҮН ЖАҚЫН

Азық-түлік тауарларының негізгі 29 түрі бойынша ішкі нарықтың отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілуі былтыр 80 пайыздан асты. Оны Үкімет басшысы ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалына берген жауабында мәлімдеді. Онда алма, құс еті, шұжық өнімдері, ірімшік, сүзбе, қант және балық сияқты жекелеген тауарлар бойынша импортқа тәуелділік алдағы бес жылда жойылатыны айтылған. ҚР Үкіметі оны қалай жүзеге асырмақ?

– ҚР Агроөнеркәсіп саласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі отандық азық-түлік тауарларымен кемінде 80% (құс етімен 100%, шұжық өнімдерімен 100%, ірімшік және сүзбемен 100%, алмамен 100%, балықпен 100% және қантпен 80%) деңгейде қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық жоба шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін ұлғайту үшін өсімдік шаруашылығын әртарапандыру қамтамасыз етіледі. Ауыспалы егісті сақтау және жерді ұтымды пайдалану, қарқынды мал шаруашылығына көшу, сондай-ақ АӨК-нің басым бағыттары бойынша (ет, жеміс, көкөніс, қант, дәнді және майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу) 7 экожүйені қалыптастыру есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде теңдестірілген қайта өңдеу саласы дамитын болады. Бес жыл ішінде 4,5 трлн теңге сомаға 934 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Жалпы қуаты 541,5 мың тонна шикі сүт болатын 170 тауарлық сүт фермасы, 100 мың тонна ет өнімі болатын 14 ет комбинаты, 285 мың тонна құс еті болатын 26 құс фабрикасы іске қосылады. Сондай-ақ 6,6 мың га алаңда қарқынды бақтар отырғызылып, 1 қант зауытын салу көзделіп отыр, – дейді Премьер-Министр Әлихан Смайылов.

Оның сөзіне қарағанда, былтыр қант өндірісі 1,9 есе (147,5 мың тоннадан 276,9 мың тоннаға дейін), өңделген күріш өндірісі 7,5% (196 мың тоннадан 210,7 мың тоннаға дейін), қышқыл сүт өнімдері 5,1% (226,5 мың тоннадан 238,2 мың тоннаға дейін), сары май 3% (26,4 мың тоннадан 27,2 мың тоннаға дейін), маргарин 4,1% (63 мың тоннадан 65,6 мың тоннаға дейін) өсті. Сондай-ақ қой етінде 1,7% (172,4 мың тоннадан 175,5 мың тоннаға дейін), сиыр етінде 3,7% (521,4 мың тоннадан 540,8 мың тоннаға дейін), жылқы етінде 5,8% (142,9 мың тоннадан 151,3 мың тоннаға дейін), құс етінде 20% (235,3 мың тоннадан 282,3 мың тоннаға дейін) және балықта 13,8% (35,4 мың тоннадан 40,3 мың тоннаға дейін) өсім тіркелді.

Дерек пен дәйек – болжамның негізгі дәлелі емес. Алайда ҚР Үкіметінің халықтың әл-ауқатын көтеруге арналған бағыттағы ізденістері көңілге сенім ұялатады. Осы тұрғыда іс пен сөздің үндесуінен үміт зор.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

«АТАДАН МАЛ ҚАЛҒАНША, ТАЛ ҚАЛСЫН»

Биылғы ағаш отырғызу маусымын алматылық журналистер бастады. ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ұйымдастыруымен өткен бұл шара Халықаралық орман күніне орайластырылды.

Алматылық журналистерге арналған баспасөз туры аясында алдымен «Республикалық орман селекциялық-тұқым орталығының» қызметі таныстырылып, орман шаруашылығына байланысты атқарылған жұмыстар мен брендтік жобалар жайында ақпарат берілді. Мамандардың айтуынша, Президенттің 2020 жылғы Жолдауына сәйкес, 2021-2025 жылдары 843,0 мың га алқапқа 2 млрд ағаш отырғызу жоспарланған. Көк желектің басым бөлігі Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының, сондай-ақ Семей және Ертіс орманы резерватының аумақтарында отырғызылады деп жоспарланған. Ел аумағын көгалдандыру мақсатын көздеген жобаны іске асыру аясында «Қазақстан Ғарыш Сапары «ҰҚ» АҚ және «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК-мен бірлесіп, орман молықтыру шараларын онлайн қарауға мүмкіндік беретін интерактивті карта жасаған. Картаға енгізілген орман мекемелерінің, орманшылықтардың, орамдардың, телімдердің шекаралары көрсетілген таксациялық сипаттамасы бар карталар қабаттары және ай сайын жаңартылып отыратын аса жоғары кеңістіктік рұқсаттағы ғарыш түсірілімдері, ағаш отырғызу, тұқым дайындау, тұқымбақтар жөніндегі мәліметтер автоматты түрде дерекқорға түседі және барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді болады. Ең маңыздысы, ҰЕҰ мен мүдделі жандарға суреттер мен бейнематериалдарды, ағаш отырғызу және күтіп-баптау жұмыстары туралы түсінік беріліп, мониторинг жүргізіледі, сөйтіп, атқарылған істердің ашықтығын қамтамасыз етеді.



Сондай-ақ, Android OS және IOS платформалары үшін инспекторлардың ағаш отырғызу туралы ақпаратты өз бетінше толтыруына және көрсетуге мүмкіндік беретін мобильді қосымша жасалған.

Келесі кезекте журналистерді микроклондау арқылы одан әрі жаппай тарату үшін вируссыз, генетикалық біртекті отырғызу материалын алумен айналысатын зертхананың жұмысымен таныстырды. Мұнда «Ле Алатауы» ұлттық паркінде кездесетін бұта тұқымдас

сиверс алмасы, қайың мен көктеректің түрлерінің гендері өсіріледі.

Ұлыстың ұлы күнімен тұспа тұс келген іс-шара соңында «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөзді ұстанған қаламгерлер «Междуреченск» өндірістік бөлімшесінде қырым қарағайының көшеттерін отырғызып, көгалдандыру жұмыстарына өз үлес-терін қосты.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

БҰҰ-НЫҢ БАСТАМАЛАРЫ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

БҰҰ-ның «Тұрақты қор биржалары» бастамасының (SSE) басты міндеті – тұрақты даму инвестицияларына және қоршаған орта, әлеуметтік сала мен басқару мәселелері бойынша компаниялар қызметінің тиімділігін арттыруға жауаптылармен әрекеттесіп қор биржалары мен бағалы қағаздар нарығын реттеушілердің әлеуетін құру. 2009 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан бұл бастама жолын ұстап, онымен серіктестік орнататынын 111 биржа мәлімдеген болатын. Қазақстан қор биржасы (KASE) оған 2015 жылы қосылды. Бұл қаржыгерлердің Алматыда өткен дәстүрлі CFO Summit-2023 шарасында да сөз болды.

Әлем елдерінің «жасыл» экономиканы дамытуға арналған MIT рейтингінде Қазақстан 76 елдің арасында 33-орында. ҚР Премьер-Министрі Қазақстанның Еуропалық Одақпен инвестициялық ынтымақтастығы жөніндегі диалог отырысында Қазақстанның «жасыл» экономиканы дамыту жөніндегі аядағы жоспарларымен бөліскен кезде, 2030 жылы «жасыл» энергияның үлесі 15%-ға дейін жеткізілетінін айтқан еді. Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 4,83 есеге, электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 3 пайызға дейін, газ электр станцияларының үлесі 20,2 пайызға дейін ұлғайтылатын болады. Орталық ауыз сумен жабдықтау жүйесіне тұрақты қолжетімділігі бар су пайдаланушылардың үлесі қалаларда 97,5%, ауылдық жерлерде 90,1% болады. 2015 жылы Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі ретінде 193 елдің ішінде Тұрақты даму саласындағы мақсаттарды (ТДМ) ұстануға міндеттеме алды. Оны басылыққа ала отырып, Қазақстан орнықты және жасыл экономика қағидастарын 2050 стратегиясының ұлттық басымдықтарының тізбесіне қосты.

–Тұрақты даму міндеттерін іске

асыру үшін, Қазақстанда жаңа Экологиялық кодекс қабылданып, ол 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді. Құжат Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесі бойынша ең озық қолжетімді технологиялар көрсеткіштерін пайдалану арқылы кәсіпорындарды өндірісті жаңғыртуға ынталандыруды көздейді. Бұдан басқа, құжат қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ЕО заңнамасына енгізілген тармақтардың көпшілігін, сондай-ақ елге тән кейбір тақырыптарды (ормандар мен топырақты қорғау, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі аумақтар, экологиялық ағарту, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, т.б.) камтиды. ҚР Кәсіпкерлік кодекsinдегі өзгерістерге сәйкес (2021 жылғы 1 шілдедегі), жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттер, микрокредиттер және лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы жүзеге асырылатын қаржылық қолдау, оның ішінде жасыл жобаларды іске асыруға бағытталуы мүмкін. Бизнес-тің жол картасы – 2025 түзетулерімен «жасыл» жобалар, «жасыл» тақсономия ұғымдары енгізілді. Үкіметтің 2021 жылғы 13 қазандағы №736 Қаулысы бойынша «жасыл» жобаларды іске асыру үшін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін және «жасыл» облигациялар бойынша купон мөлшерлемесін субсидиялау көзделген. Шығарылым 7 млрд теңгеге дейін, купон мөлшерлемесі – 7%, субсидиялау мерзімі – 5 жыл болатын, – дейді Қазақстан қор биржасының басқарма төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская.

ESG-дегі ғаламдық трендтерге шолу жасаған Н.Хорошевскаяның сөзіне қарағанда, ClimateBonds Initiative мәліметтері бойынша, 2020 жылдың аяғында жасыл қаржыландыру нарығы 1 трлн долларға жетіп, орташа жылдық өсу қарқыны 95 пайызды көрсетті. 2025 жылға қарай ESG активтері 53 трлн долларға жетіп, басқарудағы жаһан-

дық активтердің үштен бірі құрайды. NASDAQ тұрақты даму көшбасшыларының индексі жасады. Ол – климат саласындағы әлемдік көшбасшылардың инвестицияларын іздеуге және қазбалы отын салаларының болуын болдырмауға бағытталған жаңа өнім. Британдық FTSE 100 индексіне кіретін компаниялардың жартысына жуығы топ менеджерлердің жалақы мөлшерін ESG мақсаттарымен байланыстырады. «Жауапты инвестициялау» қағидастарын ұстанатын Exchange Traded Funds (ETF) еуропалық биржалық қорлары 2021 жылдың бірінші тоқсанында ETF-тің қалған бөліктеріне қарағанда, көп қаражат жинады. Германияның қоршаған орта жөніндегі федералдық агенттігі Еуропалық энергетикалық биржамен (EEX) ұлттық шығарындылар саудасы жүйесі (nETS) шеңберінде отыннан CO2 шығарындыларына квоталар саудасына келісімшарт жасады. Австриялық Raiffeisen Bank International энергетикалық көмірді өндірумен, сатумен немесе пайдаланумен айналысатын клиенттерге осы саладағы жобаларға кредит берумен айналысатын қаржылық қызметтер көрсетуді тоқтатты. Трендтерді жетекші компаниялар белгілейді: 2030 жылға қарай Microsoft пен Unilever көміртегі-бейтарап болуға ниетті, 2050 жылға қарай оны Danone мен Repsol да жасауға ниетті. Америкалық интернет ритейлер Amazon Com Inc алғаш рет экологиялық және әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін 1 млрд доллардың тұрақты облигацияларын орналастырды.

Бұлар БҰҰ-ның «Тұрақты қор биржалары» бастамасының әлеуетін тағы да дәлелдей түсері күмәнсіз. Сондықтан Қазақстанның БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарындағы өз міндеттемелерін орындауға қазіргі таңда толық негіз бар деуге болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МИНБЕР



Зәуре ҚАЗАҚБАЙ,
Атырау қаласының №2 сотының судьясы

РАҚЫМШЫЛЫҚ – қатені түзеуге берілген мүмкіндік

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар мен тұтас мемлекетіміздің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін «Рақымшылық жасау туралы» заңға қол қойды. Президенттің бұл шешімі жазасын өтеушілер мен олардың жақындарына үміт сыйлады.

«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Ел тарихында бұған дейін рақымшылық шарасы 8 рет қолданылған еді. Ширек ғасыр ішінде 9-шы рақымшылық шарасын жүргізудегі мақсат – темір тордағы азаматтардың санын азайту, олардың қалыпты өмірге оралуына мүмкіндік жасау.

Рақымшылыққа бірінші кезекте әлеуметтік жағынан осал адамдар, яғни ардагерлер мен басқа да адамдар, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар, осы заң қолданысқа енгізілетін күнге елу жасқа толған және ол жастан асқан әйелдер, алпыс жасқа толған және ол жастан асқан ер адамдар, жүкті әйелдер, ата-ана құқықтарынан айырылмаған және он сегіз жасқа толмаған балалары, оның ішінде асырап алған не қорғаншылыққа және қамқоршылыққа алған балалары бар, не қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және сотталған кезінде асырауында жасына қарамастан мүгедек баласы (мүгедек балалары), сондай-ақ бала кезінен мүгедек баласы (мүгедек балалары) болған әйелдер және ер адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылатын азаматтар жатады. Алайда, бұл аталған әлеуметтік топтағылардың барлығы «Рақымшылық туралы» заңына ілініп, жазадан босатылады деген де сөз емес.

Іс жүзінде олай емес, біз бұл жерде сондай-ақ, ең алдымен «Рақымшылық жасау туралы» заңының 4-бабындағы рақымшылық тізіміне ілікпейтін адамдар мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың тізіміне назар аударуымыз қажет. Мысалға алатын болсақ, ҚК-нің 190-бабы үшінші және төртінші бөлігімен сотты болып, бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан әйел адам осы заң қолданысқа енгізілетін күнге елу жасқа толған не ол жастан асқан, сол сияқты оның асырауында көмектестік болмаған балалары болса да, оған «Рақымшылық туралы» заңның талаптары қолданылмайды. Себебі оның бабы рақымшылыққа жатпайды, яғни, осы заңның 4-бабы 13-тармағында ҚК-нің 190-бабы үшінші және төртінші бөлігімен сотты болғандарға рақымшылық қолданылмайтыны нақты көрсетілген.

Сол сияқты террористік қылмыс жасаған, экстремистік қылмыс не экстремизм белгілері бар қылмыс жасаған, азаптаулар жасаған, қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған, өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалған жазалар рақымшылыққа ілінбейді. Сонымен бірге қылмыстық топ, ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банданы немесе заңсыз әскерлендірілген құрылым құрамында қылмыстар жасаған, өздеріне қатысты жаза орындалған және жазасын өтеген, жиынтығында олардың біріне осы рақымшылық заңның күші қолданылмайтын қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған, үкімдердің жиынтығына кіретін, олардың біріне осы аталған заңның күші қолданылмайтын қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған, «Рақымшылық жасау туралы» заң қолданысқа енгізілетін күнге Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабына сәйкес, жазаны өтеудің

белгіленген тәртібін қасқойлықпен бұзушылар деп танылған немесе жазасын өтеу кезінде қасақана қылмыстар жасаған сотталғандар да жеңілдіктерге ілінбейді.

«Рақымшылық жасау туралы» заңы сотталған адамдарға қандай мүмкіндік беретініне келетін болсақ, қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар, залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар, залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босауға мүмкіндік алады. Себебі, негізгі жазамен бірге міндетті түрде тағайындау көзделген баптар бойынша сотталғандарды сот тек негізгі жазадан босатып, қосымша жаза заң бойынша орындалуға жатады.

Сол сияқты, теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, «Рақымшылық туралы» заңы қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін сотталғандар да негізгі жазадан босатылуы тиіс.

Жаза мерзімдерінің қысқартылуына келетін болсақ, оның да өз шарттары бар. Атап айтқанда, жазадан босатылуға жатпайтын ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімі немесе мөлшері екіден бір бөлігіне, әлеуметтік жағынан осал адамдарға ауыр қылмыстар бойынша екіден бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне, сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды және өздеріне қойылған талап қою талаптары толық өтеген жағдайда не олар болмаған кезде негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімі ауыр қылмыстар бойынша үштен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша бестен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша алтыдан бір бөлігіне жазаларының өтелмеген бөлігі қысқартылуы тиіс.

Ата Заңымызда «Елдің басты байлығы – адам және оның құқығы мен бостандығы» деп атап көрсетілгендей, елімізде барлық азаматтардың, олардың сотты болған, болмағанына қарамастан, мүдделері мен заңды құқықтары теңдей қорғалады.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

«БОЛАМ ДЕГЕН БАЛАНЫҢ БЕЛІН БУ...»

Қазақтың тарихи жазбаларына үңілсек, хандардың қызметі, даралығы, хандықтың шежіресін шертуден алысқа бармайды. Тек кейінгі кездері ғана әр ханның атын асқақтатып, беделін көтеруге атсалысқан, елдегі бірлік пен татулықты сақтауға, қарапайым халықтың мүддесін қорғауға жанын салған батырлардың, билер мен жыраулардың еңбектері ішінара зерттеліп келеді. Сол қолдағы бар деректерді сараптап отырсақ, хандардың елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде батырларға иек артып, ішкі тұтастықты сақтауда билердің көмегіне жүгінгенін байқар едік.

Жалпы, билер – өз заманындағы ақ пен қараны ажыратушы адамдар болатын. Билерге жүктелген міндет өте жоғары еді. Билер өзінің тапқырлығымен, көрегенділігімен ақ пен қараны ажырататын. Билер ауыл арасындағы дауларды шешуші қазы да болды. Бүгінгінің қазылары мемлекет басшысының жарлығымен тағайындалатын болса, ол заманның қазысы болған билер халықтың қалауымен, көпшіліктің мойындауымен би атанатын, ал ол халықты мойындату үшін өзінің биге тән қасиеттерге ие екенін дәлелдей білуі керек болатын. Оны билердің өмір тәжірибесінен де байқауға болады. Мәселен, ол кезде болайын деген, жалпақ тілмен айтқанда «төбесің тесігі бар» балаларды ауыл ақсақалдары жанына ертіп жүріп, аузы дуалы билердің сынағына салып көрген. Сол сыннан мүдірмей өтіп он үшінде бас болып бала билер қазақ тарихында баршылық. «Болам деген баланын бетінен қақпа, белін бу» дегенді бабаларымыз содан айтса керек.



Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Әйтеке би де бала жасынан бабалар дәстүрінен қанып ішіп, әділ билік мектебінен өткен екен. Міне, мұның өзі қазаққа «Жас келсе, іске», «Болар бала он үшінде баспын дейді», болмас бала отызында жаспын дейді» деген макалдардың тегін айтылмағандығын айқындайды.

И.ДОСЕТОВ,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ХАТТАМА

ОҢДЫ ӨЗГЕРІСТЕР БАСТАУЫ



Э.АСУБАЕВА,
Алақол аудандық сотының төрағасы

Сотқа дейінгі хаттама институтының Азаматтық процесіне кодекске енгізілуі оңды өзгерістердің бастауы, медиация саласының кеңінен қолданысқа енгізілуіне үлкен көмек болды. Оны күнделікті сот процесінде көріп жүрміз. Бұрын қарапайым халық судьяны тек үкім кесуші, жаза тағайындаушы есебінде көрсе, елдегі соңғы өзгерістер, сот саласындағы жаңа бетбұрыстар бұл түсініктің қате екенін дәлелдей бастады. Қазір көпшілік судьяны бітімгер, әділетті төреші есебінде қабылдай бастады. Мұның бәрі соттағы ізгілендіру мен бітімгерлік бастамалардың жемісі. Бүгінде судья-бітімгер. Сотқа дейінгі хаттама реті бойынша қазір ол өзіне келіп түскен талап қою арызы негізінде осы мәселе бойынша құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығын тексереді және бес жұмыс күні ішінде көрсетілген талап қоюды қабылдау не қабылдаудан бас тарту мәселесін шешеді.

Татуластыру рәсімдерін жүргізу бұл ретте тараптарға қатысты тиімді тәсіл болып тұр. Мәмілені жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. АПК-нің 73-бабының 1 және 2-бөліктеріне сәйкес сотқа дейінгі хаттама жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асуға тиіс.

Сотқа талап қою келіп түскен сәтте татуластырушы судья тараптарға келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді, онда тараптар өздерінің талап-тілектерін немесе қарсы наразылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы

келетін дәлелдемелер ұсынуға, оларды пайдалануға құқылы.

Татуластырушы судья бітімге шақыру, татуласу рәсімдерін жүргізу барысында медиацияның артықшылықтары туралы түсіндіреді, тараптардың әрқайсысына өздері сілтеме жасағысы келетін өз дәлелдерін өзара ашып, ұсынуға, ой пікірлерін ортаға салуға ақыл кеңесін береді.

Егер дауласушы тараптар бұл процесстер барысында татуласа, келісе алмаса, онда сот ісі татуластырушы судьяның сотқа дейінгі хаттамасымен бірге істі мәні бойынша қарау үшін басқа судьяға қайта бөлінеді. Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды сот тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың процесстік құқық нормаларын ескере отырып айқындайды.

Дауласушы істі сот талқылауына дайындау барысында не осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларға сәйкес сот талқылауы барысында ашылған және сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы.

Осыған байланысты тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуластыру рәсімдерін жүргізу барысында өздерінің талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін дәлелдемелер ұсынған жөн, бұл оларға қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелер мен дәлелдер алмасуға, сот талқылауының болжамды қорытындысын болжауға, дау бойынша ымыраға келуге, жанжалды сот дауларының аяқтауға мүмкіндік береді. Істі қарап отырған татуластырушы судьялар талап қоюды АПК-нің 150-бабына сәйкес қабылдайды. Егер кодекстің 148-149-баптарына сәйкес келмейтін талап қою келіп түскен жағдайда, мұндай талап қою қайтарылуға жатады.

Татуласу, бір шешімге тоқтау бүгінгі қоғамда аса маңызды. Түйткілді мәселеде егер тараптар татуласа алмаса, онда татуластыру рәсімдері нәтиже бермегені, тараптардың қайсысы істі татуласумен аяқтағысы келгені, қандай себеппен тараптар татуласа алмағаны, жауапкер тараптың талап қоюмен келісімі ішінара немесе толықтай келіспегені анықтамада толықтай көрсетіліп жазылады. Бұл анықтама негізінде іс осы хаттамалармен бірге басқа судьяға қайта бөлінеді.

Қазаққа «Кең болсаң, кем болмайсың» деген аталы сөз бар. Татуластырушы судья үшін тараптардың ортақ мәмілеге келіп, іс бейбіт, бітім жолымен аяқталғаны дұрыс. Бітім – қай кезде де бейбітшілік пен тұрақтылық бастауы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

СОТ БИЛІГІ

СУДЬЯНЫҢ ТӨРЕШІСІ – ЗАҢ МЕН АР

ҚР Конституциясының 7-бөлігі «Соттар және сот төрелігі» деп аталады. Республикада мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінітіні белгілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Ал, сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Занда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асады. Сот билігінің мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

Конституция мен заңға ғана бағынатын, сот төрелігін іске асырушы судья тәуелсіз. Соттың қызметіне араласуға жол берілмейтіндіктен, судья нақты істер бойынша есеп бермейді.

Соттың үкімі заңды күшіне енбейінше, адам жасалған қылмысқа кінәлі емес және айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Бір құқықбұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.

Сот арқылы әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.

Судья заң мен ар-ұятты басшылыққа алып, істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға

негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды.

Судья антына адал болуға, судья әдебі талаптарын сақтауға, судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен аламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруға міндетті.

Отыз жасқа толған, жоғары заң білімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған, медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған, негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін тағылымдамадан айдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы аудандық соттың судьясы болып тағайындала алады.

Қорыта айтқанда, заң мен сот алдында адамдардың бәрі тең. Осы орайда, сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын ескерген жөн.

Бибігүл ДЕМЕНОВА,
Ақтау қаласының мамандандырылған маңғыстау облысының тергеу сотының кеңес меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ғалымжан ЖУРХАЕВ,

Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы бойынша ҰҚК-нің Шекара қызметі департаменті Әскери-медициналық бөлімінің басшысы:

«ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ КҮШІ –
ЖАУЫНГЕРЛІК ДОСТЫҚТА»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы, әскери бөлімдерді сапалы жасақтауға ерекше көңіл бөлінген. Болашақ сарбаздардың дене бітімі мен денсаулығы ғана емес, психологиялық дайындығы, білім деңгейі, мамандықтары міндетті түрде ескеріледі. Сондай-ақ, олардың моральдық және іскерлік қасиеттері назардан тыс қалмайды.

– Әскерге шақырылушылар қатарында қандай аурулар белең алып тұр?

– Соңғы кездері әскерге шақырылушылар арасында, негізінен психикалық аурулар мен сотталғандар көбейіп кетті. Сонымен қатар, өкпе, бауыр, қан тамыр аурулары белең алып тұр. Жастар денесіне татуировка салдыруға әуес. Олар шекара қызметіне алынбайды.

– Әскердегі келеңсіз оқиғалардың алдын алуда қандай шаралар қарастырылған?

– Бұл мәселеге қатысты жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Нәтижесіз емес. Оның үстіне сарбаздар бір жылға келеді. Мысалы, көктемде шақырылғандарды күзде шақырылғандарға қоспаймыз. Әрқайсысы бөлек-бөлек қызмет етеді. Сарбаздар әскерге бір өңірден бірге келіп, бірге қайтады. Қазіргі әскер бұрынғыдай емес. Тәртіп қатаң. Әлімжеттік оқиғаларға мүлде жол берілмейді. Былайша айтқанда, сарбаздарға барлық жағдай жасалған. Тамақтары тоқ, киімдері көк, денсаулықтары үнемі бақылануда. Даңқты қолбасшы, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Әскери бөлімнің күші – жауынгерлік достық пен жолдастықта, бірлік пен ынтымақта». Біз осы даналықты әскерге келген әрбір жастың санасына сіңіріп, олардың бір-біріне деген достық қарым-қатынастарын нығайту мақсатын ұстанамыз.

– Шекара қызметінің бүгінгі хал-жайы қалай?

– Шекара қызметінің жағдайы жылдан-жылға жақсаруда. Қазақстан шекарасы нақтыланып, қазығы нық қағылған. Біз бес мемлекетпен – солтүстікте Ресеймен, шығыста Қытаймен, оңтүстікте Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанмен шекарамыз нық бекітілген. Бұл тұрғыда Тұңғыш Президенттің еңбегі зор. Шекара қызметі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамына кіргелі материалдық-тех-



никалық жағдайы жақсарды. Заманауи әскери техникалармен, арнайы киім-кешекпен толық қамтамасыз етілген. Азық-түлік, тамақ мәселесі де жоғары деңгейде шешілген. Шекара қызметіне мемлекеттік тұрғыда көңіл бөлінген. Сарбаздың бойында қандай да бір дерт анықталса, Алматы қаласындағы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ауруханасы мен Өңірлік әскери госпитальға орналастырылып, ем алады.

– Отан алдындағы борышын өтеуге жастардың белсенділігін арттыру үшін мемлекеттік тұрғыда не істеу керек?

– Шынын айту керек, жастардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға мықты идеология жетіспей жатыр. Заман ағымы солай ма, білмедім, қазіргі жастардың бойында отаншылдық сезімге қарағанда, материалдық жағдайға қызығушылық басым. Сондықтан, әскер қатарында азаматтық борышын өтегендерге жалақы, т.б. мәселелер бойынша белгілі бір деңгейде артықшылықтар берілуі тиіс. Ал, өмірін әскери қызметпен байланыстырғандарға мүмкіндігінше жағдай жасалса, бұл салаға ұмтылушылар да көп болады. Мысалы, медициналық, оның ішінде стомато-

логиялық қызметке, ақысыз ем қарастырылып, әскери қызметшілердің мәртебесін арттыру шаралары одан әрі күшейтілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Әскер қатарында болғандарға пәтер кезексіз және қандай да бір жеңілдікпен берілсе, бұл тұрғыда мәселе болмас еді.

– Жастар неге әскер қатарына баруға құлықсыз?

– Мемлекеттің кінәсі жоқ. Бұл тұрғыда ең бірінші кінәратты ата-ана, отбасы тәрбиесінен іздеу керек. Себебі, көп жағдайда баланың әскерге баруына ата-анасы қарсылық танытып жатады. Тағы бір мәселе, негізінен әскерге қарапайым халықтың балалары келеді. Сот, прокурор, депутат, министр, сол сияқты жоғары шенділердің балаларын әскерден көрмейсіз. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдей екені Конституциямен айқындалған. Баланың жасы 18-ге толысымен, әрбір ата-ана ұлының ел қорғаны екенін ұмытпай, әскерге баруына ықпал етуі керек.

– Әскери кафедра бітіргендер мен әскер қатарында болғандар арасында айырмашылық бар ма?

– Азаматтық борышын өтегендер мен өтемегендердің айырмашылығы көп. Әскери кафедра бітіргендер әскери

өмірді түсіне бермейді. Сондықтан да, биылдан бастап әскерге келу жаппай міндеттеліп, оның мерзімі ұзартылды. Яғни, әскери кафедра бітіргендердің өзі екі жылға шақырылады. Жоғары білімді офицерлер Қазақстан Қарулы Күштері мен шекара қызметіне келеді.

– Медицинаны, оның ішінде хирургияны таңдауыңыздың қандай да бір себебі бар шығар?

– Дәрігерлік – менің жаным жақын мамандық. Өйткені, мен дәрігерлер әулетінде туып-өстім. Атам Рүстем Атаханов Мәскеудің Бурденко атындағы медициналық нейрохирургия институтын бітірген. Кезінде қазақтың санаулы нейрохирургтерінің бірі болып, осы саланың дамуына үлес қосты. Әжем Гүлбахрам Базарбайқызы да медицина маманы, яғни, көз дәрігері. Ал, әкем Бахтыбай – бет-жақ сүйектерінің хирургі. Атам, әжем, әкем де өздерінің бүкіл өмірлерін адам денсаулығына арнап, халықтың алғысына бөленген жандар. Анам Хабиба Исмайлқызы балабақшада еңбек етті.

– Еңбек жолыңызды да айта отырсаңыз?

– Шымкент қаласындағы медицина университетін бітірген соң, облыстық клиникалық аурухананың хирургия бөлімінде еңбек еттім. Сол жерде жүріп шекарашылардың «Оңтүстік» өңірлік басқармасына әскерге шақырылдым. Алғашқы әскери жолымды Алматы қаласында Қарасай шекара жасағында лейтенант болып бастап, кейіннен Алматы облысының Шонжы ауданындағы шекара басқармасына ауыстым. Бұдан соң Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы шекара қызметінің өңірлік әскери госпиталінде дәрігер-хирург, хирургия бөлімінің меңгерушісі болдым. 2009 жылдан 2018 жылға дейін әскери медицина бөлімінде басшылық қызметке тағайындалдым. Осылайша еңбек жолымды қызмет бабымен Атырау қаласындағы, Бейнеу ауданындағы, сондай-ақ, Алматы облысының Жаркент қаласындағы шекара жасақтарында жалғастырдым. Қазіргі таңда Тараз қаласындамын.

– Уақыт бөліп, пікірлескеніңізге рақмет!

Әңгімелескен
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын жаңадандыруға шыңдап ден қойыла бастады. Түрлі жиындарда жиі айтылғанымен, ешкім одан нәтиже шығара алмай жүрген қой жүнін өңдеу мәселесін жақында сенаторлар қайта қозғап, Премьер-Министр Әлихан Асханұлының атына депутаттық сауал жолдады.

ҚОЙ ЖҮНІН
КӨДЕГЕ ЖАРАТА
АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

М.Жұмағазиев бастап, Р.Әбдікерем, Ә.Бектаев, Д.Мусин, Ә.Нұрғалиев, С.Дүйсембинов, О.Булакина қостаған сенаторлардың ұсынысы: бірінші, Ауыл шаруашылығы министрлігіне қолданыстағы агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау бағдарламаларына тері мен жүнді терең өңдеу бойынша жобаларды енгізу жөніндегі өкілеттіктерді беру. Екінші, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларының №10 «Тері мен жүнді бастапқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды құру және кеңейту» жобасының паспортына тері мен жүнді терең өңдеу жөніндегі өндірістерді құру және кеңейту бойынша жобаларды субсидиялау мүмкіндіктерін енгізу бөлігінде; жаңа шағын және орташа қуатты өндірістердің ашылуын және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және жаңғыртуды ынталандыру мақсатында инвестициялық салымдарды өтеу үлесін ұлғайту және өндірістің қуаттылығын ең төменгі деңгейі бойынша талаптарды төмендету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Үшінші, қой шаруашылықтарынан және тұрғындардан жүн сатып алудың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыру мақсатында елдің барлық өңірлерінде тері мен жүнді қабылдау жөніндегі сервистік-дайындау пункттерін құру туралы мәселелерді қарастыру.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне қарағанда, былтыр елімізде 40,4 мың тонна қой жүні өндірілді, бұл 2020 жылға қарағанда 2,7%-ға жоғары. Алайда оның 10,7 мың тоннасы немесе 26,5%-ы өңдеуге жіберіліп, 3027,3 мың долларына бағаланған 6,8 тоннасы шетелге шығарылды. Оны негізінен Қытай, Ресей, Моңғолия сатып алған. Ал қалған 73,5% өңделмей қалып қойды. Өйткені, қой өсіретін 4 мыңға жуық өндіруші болғанымен, жүн өңдейтін өндіріс орындарының саны – 13. Оның төртеуінің ғана биязы жүнді қайта өңдеуге мүмкіндігі бар. Қалған кәсіпорындар – киізден және қылшықты жүннен басып жасалған аяқ киім шығаратын фабрикалар. Яғни, Қазақстанда жүннің терең өңделуі іс жүзінде тек киіз басу өндірісімен шектеледі. Былтыр сұраныстың жоқтығынан жүн өңдейтін 13 кәсіпорынның алтауы жұмыс істеген жоқ, ал өзгелері өндірістік қуатының 29,7 пайызын ғана қолдануда.

Жалпы, елімізде қой жүнінің 56 пайызы жеке қосалқы шаруашылықтарда, 40 пайызы шаруа және фермер қожалықтарында, тек 4 пайызы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өндіріледі. Өндірілген өнімнің 70 пайызы қылшықты және жартылай қылшықты, 30 пайызы биязы және жартылай биязы жүн. Бұған жүнге деген сұраныстың аздығы түрткі болып отыр. Өйтсе де, Қазақстанға тоқыма өнеркәсібінің 90 пайызға дейінгі өнімі импортталады. Бұл – негізінен жүнді терең өңдеуден кейін жасалған өнімдер, атап айтқанда, қосылған құны жоғары дайын өнімдер, иірілген жіптер, маталар, кілем бұйымдары.

«Қазақстанда қой жүні де мұнай тәрізді экспортталатын бағытты құраған болар еді. Мысалы, Аустралия әлемдік нарыққа жүннің 1 килограммын 18 АҚШ долларына өткізеді. Міне, ондаған жылдар бойы бұл ел бүкіләлемдік жүн көлемінің шамамен 25%-ын өндіреді, жыл сайын сол елде 3 миллиард АҚШ долларынан астам сомаға өнім шығарылады. Отандық алыпастарлар биязы қой жүнінің бір килограммын 100-150 теңгеден қабылдайды. Осындай бағамен шаруаларға жүн тапсыру тиімсіз. Қой қырку кезінде ол жұмыскерді жалдау үшін қойдың бір басына шамамен 300-500 теңгеге дейін жұмсайды, содан кейін өткізу жолдарын іздестірумен болады, ал соңында жүнді өртеп жібереді», – дейді Мұхтар Жұмағазиев. Оның айтуынша, қойдың жүні – көнеден келе жатқан жылытқыш, ерекше микроқұрылымының арқасында тамаша табиғи балама минералды талшық, ауа өткізгіш, суыққа да, ыстыққа да төзімді. Жоғары энергетикалық шығындарды талап етпейтін, өзіндік құны төмен экологиялық шикізат. Құрылыс материал ретінде тек қана ішкі нарыққа емес, шет елдерде де сұранысы бар өнімдердің бірі. Жүнді қайта өңдейтін кәсіпорындарды аумақтар бойынша бөлуге, қылшықты жүнді терең өңдеу және одан мүлдем жаңа тауарларды өнеркәсіптің барлық салаларында іс жүзінде пайдаланылатын, қосылған құны жоғары тоқыма емес материалдарды өндіру жөніндегі жаңа технологиялық өндірістерді салуға деген тәсілдерді мүлдем қайта құру қажет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Мемлекетіміздің өркендеуі, халқымыздың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қызметін дамыту 1995 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңнан бастау алады. Кеңес Одағының құрамында болған елдер ішінде мұндай инновациялық құжат қабылдаған алғашқы мемлекет – Қазақстан. Бұл

қадам мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын нығайтып, дамуының негізіне айналды.

Жаңа ғасырда Қазақстанның алдында мықты экономика, саяси және әлеуметтік жүйені қалыптастыру үшін қоғам сұранысына, заман талабына жауап беретін мемлекеттік қызмет моделін құру қажеттілігі тұр. 2000 жылы ел аумағында мемлекеттік қызмет саласындағы бірінші саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның

аумақтық бөлімшелері құрылды. Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік қызмет толығымен жаңартылып, заман ағымына орай реформаланды. «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға сай, мемлекеттік аппараттың қызметін үйлестіретін заңнамалық база толығымен жаңартылды, мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне ауыстырылды. Мансаптық модель мемлекеттік қызметтен тыс адамдарға жоғары лауазымдарға тағайындалуға мүмкіндік бермейді, тек жылдар бойы тәжірибе жинаған, білімі

мен біліктілігі сай мемлекеттік қызметкерлер ғана мансаптық өсу мүмкіндігіне ие бола алады. Соның нәтижесінде мемлекеттік қызметкердің беделі артып, мемлекеттік аппаратта жұмыс істеуге ниет білдірушілер қатары көбейіп келеді. Жүргізілген реформалар халықтың мемлекеттік аппаратқа сенімін арттыруға, барынша ашық, қабылдаған шешімдері айқын мемлекеттік қызмет жүйесін құруға бағытталған. Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Өрбір

мемлекеттік қызметші осы қағиданы еш уақытта ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын болып, кез келген жағдайда «қара қылды қақ жаратын» әділ болу міндет. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қойып, тез әрі дұрыс шешім қабылдай алуға міндетті. Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет.

З.ӨТЕГЕНОВА,
Бейнеу аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

КАДРЛЫҚ МҮМКІНДІКТІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Әрбір Жолдау – Қазақстанды дамытуға арналған қозғаушы күш. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында қос палатаның бірлескен отырысында «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты кезекті Жолдауын жариялады. Бұл құжат Ұлыстың ұлы күнімен тұспа-тұс келді. Жолдау елімізде жаңа саяси жүйе құрудың негізі болмақ.

Президент өз Жолдауында еліміз күткен өзгерістерге тоқталып, жақын арада жүзеге асырылатын саяси реформалар мен әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттерін іске асыруға бағытталған жоспарларын таныстырды. Әлемде болып жатқан геосаяси оқиғалардың әсерінен туындаған кризистік жағдайлар ел экономикасына, әлеуетіне қауіп төндірмеуі тиістігін ескертіп, қуатты ел құрудың негізгі бағыттарын көрсетті. Атап айтқанда ішкі саяси мәселелер, электронды сайлау технологиясын енгізу, ұлттық құрылтай құру, Конституциялық сот құру, Мәжілістегі депутаттық орынның жалпы санын қысқарту, БАҚ рөлін нығайту, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, ұланғайыр жерімздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырту, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қамтылды. «Бұл Жолдауды іске асыру үшін Конституцияға 30-дан астам өзгеріс енгізу қажет», – деп атап өтті Президент.

Жолдау әкімшілік-аумақтық өзгерістерге алып келетін негіз-

гі айшықты ойлармен де ерекшеленді. Тарихи тамырға сүйене отырып, Президенттің Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарын екіге бөліп, Ұлытау, Абай, Жетісу облыстарын құру туралы шешімі – халық күткен, көңілге қонымды іс. Бұл тек дәстүрлі сабақтастықты сақтап қоймай, сол аумақтағы халықтың тұрмысына айтарлықтай оң өзгеріс алып келетін өзгеріс.

Жаңа Қазақстанды құруға атсалысу – халқымызға ортақ міндет. Жолдау ең алдымен қазақ мемлекеттілігінің саяси жүйесінің жаңа әрі сара жолын сипаттады. Президент: «Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмекке кетті», – деді. Парламенттің рөлін күшейтіп, сайлау жүйесіне қатысты нақты өзгерістерді ұсынды.

Мемлекет басшысының барлық бастамалары өзекті. Енді жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолында бәріміз аянбай еңбек етуіміз керек. Ендеше бұл Жолдау ел тарихындағы ерекше бастамаларға, оңды өзгерістерге толы кезеңнің бастауы болады деп санаймын. Ұлт бірлігі – табысты ел болудың басты факторы. Халық «Келісім қайда болса, бақыт та сонда» деп бекер айтпаған. Біздің күшіміз – бірлікте! Осы қиын сәтте елге үміт отын ұялатқан Жолдау іске асып, болашағымыз жарқын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ардақ ИБРАЕВА,
Талдықорған гуманитарлық-техникалық
колледжінің кітапхана меңгерушісі, бастауыш
кәсіподақ ұйымының төрайымы

БІТІМ

«АЙТЫСЫП СӨЗГЕ КЕЛГЕНШЕ,
АҚЫЛМЕН ЖӨНГЕ КЕЛ»

Сот жұмысын жаңғырту, оның ішінде дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамыту ұдайы назарымызда. Елімізде қолданысқа еніп, тиімді тәсіл, ұтымды заңнама ретінде өз өміршеңдігін көрсеткен «Медиация туралы» заң уақыт өте келе өз аясын кеңейтуде.

Біздің қоғамда азаматтық даулар өзге санаттарға қарағанда едәуір көп екені белгілі. Сөйкесінше, судьялардың қарайтын істері көбейіп, жүктемелері артып отыр. «Арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей», дауды екі жақтың пайдасына теңдей шешуді көздейтін медиация заңдылығы дәл осы азаматтық дауларда өте тиімді.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасы биыл татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейту мәселелері бойынша жаңа өзгерістермен толықты. Себебі ел ішінде дау көп, дауды шешеміз деп сотқа жүгінген азаматтар да жетерлік. Бұл ретте халық арасында туындайтын дау-жанжалдарды сотқа жеткізбей, одан тыс реттеу мәселесі аса маңызды екені анық. Осы мақсатта өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданған болатын. Соған орай жаңа жылдан бастап Азаматтық процесстік кодексіне, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексіне, «Медиация туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Нотариат туралы» заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістерде дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді дамытуға, азаматтық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіруге басымдық берілген.

Биылдан бастап осы өзгерістерге



сай медиаторлар кәсіби және қоғамдық медиатор боп екіге бөлініп, медиация тәртібі мен тәсілдері кеңейтілді. Енді онлайн-медиативтік келісім жүргізуге болады. Заңға сәйкес, бұрын алимент төлеу туралы келісімді тек нотариус жүзеге асырып келсе, енді медиаторлар, адвокаттар, заң кеңесшілері де толтыра алады.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасына енгізілген биылғы өзгерістің бірі – «Үлгілі сот шешімі» институтының қолданысқа енуі. Тараптар келісімімен жоғары тұрған сотқа бірінші сатыдағы соттың ережелері бойынша істі қарап, үлгі болатын шешім шығару құқығы беріледі. Үлгілі шешім тараптардың келісімімен ғана мүмкін болады.

Азаматтық процесстік кодекске енгізілген тағы бір жаңашылдық – сотқа дейінгі хаттама. Жыл басынан бері соттар тараптардың деректері және даудың мәні қамтылатын сотқа дейінгі хаттаманы толтыруға кірісіп кетті. Сотқа дейінгі хаттама мен татуласу үшін ешқандай айыппұл

мен әкімшілік жаза қажет емес. Барлығы Азаматтық процесстік кодекстің 73, 150, 174-баптарында анық жазылған. Бұдан былай тараптар өз құқығымен танысып, сотсыз да әрі қарай келісім жасау үшін адвокатқа не медиаторға жүгіне алады. Талап қоюшы талап қою арыздарын қайтару туралы өтінішпен тек сотқа жүгіне алады.

Көптеген адамдардың көзінше, соттың келісімді бекітуі үлкен мән мен күш береді, өйткені келісім жасасудың толық еріктілігіне қарамастан, ол міндетті түрде орындалуы керек. «Айтысып сөзге келгенше, ақылмен жөнге кел» демекші, бүгінде сот залынан дауды мәдениетті түрде шешіп, қол алысып шығатындардың саны артып келеді. Жыл өткен сайын медиация ұғымы халыққа кеңінен таралып, заңның қолданылу аясы кеңеюде. Даудың азайғаны қуантады.

Асель ДОСАЕВА,
Маңғыстау аудандық сотының
судьясы

ПАЙЫМ

Отбасы – қоғамның алғашқы ұясы, барлық әлеуметтік тіршіліктің тірегі. Ол – ұлт болып қалыптасудың бірден-бір негізі. Отбасының бақыты – жас ұрпақ. Ата-ана өзінің кәмілеттік жасқа толмаған және көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз балаларын асырауға міндетті.

Ата-ананың жауаптылығы баланың денсаулығына қамқор болу, баланың орта дәрежелі білім алуы, басқа адамнан баласын қайтарып алуды талап ету, баласын асырап алуға келісім беру немесе бермеу, 14 жасан 18 жасқа дейінгі балаларға Азаматтық кодекстің 22-бабының 2-бөлімінде аталған мәмілелерден басқа, мәміле жасауға келісім беру, жасөспірімдердің еңбек табысын, стипендиясын және олардың интеллек-

туалдық меншік объектілерін, т.с.с. өз еркімен басқаруын шектеу немесе одан айыру туралы өтініш беру арқылы көрініс табады.

Неке және отбасы туралы кодекстің 55-бабында көрсетілгендей, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығына құқығы сақталады. Баланың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды ата-анасы (олардың орындағы адамдар), осы заңда көзделген жағдайларда, қорғаншы және қамқоршы орган, прокурор және сот жүзеге асырады. Егер ата-ана немесе басқа да заңды өкіл кәмілетке тол-

маған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 1-бөлігімен 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады (30630 теңге), ал 2-бөлігі бойынша осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса, 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамқор алу түріндегі жауапкершілік жазаға тартылады.

Сонымен қатар, кәмілет жасқа толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық

мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы заңды өкілдеріне 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы қолданған жазалар нәтиже бермесе, сот тәртібімен бұндай ата-аналарға ата-аналық құқығын шектеу, одан әрі айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Қазталов аудандық №2 сотында 2021 жылы кәмілетке толмаған балаларын тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі міндетін тиісті орындамағаны үшін 11 тұлға әртүрлі әкімшілік жазаға тартылған. Мысалы, жасөспірім К.М. Жалпақтал ауылында ұрлық жасап, 16 жасқа толмауына байланысты, Қылмыстық кодекстің

15-бабының 1-бөлігіне сай қылмыстық жауапкершілікке босатылған. Нәтижесінде, бала тәрбиесімен дұрыс айналыспағаны үшін анасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 3-бөлігінде көзделген әкімшілік жазаға тартылып, оған 40838 теңге айыппұл салынды.

Отбасы бақытын еселеу жас ұрпаққа байланысты. Сол ұрпақтың тәрбиесі алдыңғы толқынның парызы мен қарызы десек, еш қателеспейміз.

Айгүл БИСЕНОВА,
Қазталов аудандық
№2 сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

ЕСЕП БІЛМЕГЕН
ЕСЕСІН ЖІБЕРЕДІ

Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетінің дерегіне қарағанда, былтыр олар бөлшек сауда (55,4%), тұрмыстық қызмет (15,2%), электрондық сауда (5,3%), ТКШ (4,3%), көлік (3%) салаларына қатысты 25 223 өтінішті қараған. Қабылданған шаралардың нәтижесінде азаматтарға 363 млн теңгеден астам қаражат қайтарылды.

Комитет төрағасының орынбасары Серік Құсайыновтың айтуынша, тұтынушылар құқығын бұзылуына қатысты шағымдар жыл өткен сайын ұлғайып келе жатыр. Бұл сатушының тұтынушыға қатысты заңсыз әрекеттерін көрсетеді. Атап айтқанда, бөлшек саудада 14 күн ішінде сапалы тауарды қайтарудан бас тарту (33,9%), өнім туралы ақпарат бермеу (12,7%), ақауы бар тауарды жөндеу/айырбастаудан бас тарту (12,1%) кең таралған. Тұрмыстық қызмет көрсетуде қазақстандықтар жиһазды жосықсыз дайындау және жөндеу (43%), пластикалық терезелер орнату (9,6%), шаштараз және косметологиялық салондардың әлсіз сервисті (6,7%) туралы жиі шағымданды. Электрондық саудада көбінесе екінші деңгейлі тауарлар (17,1%) ұсынылып, тұтынушыларды алдау (13,4%) көп тіркелуде.

ТКШ желісі бойынша сумен, жылумен, электрмен, газбен жабдықтау бойынша қызметтер сапасының төмендігі (31,7%), коммуналдық қызметтер үшін ақын негізсіз есептеу (16,7%) сияқты онға жуық себептер анықталды. Көлік саласында, жолаушыларға тоқтатылған рейстер үшін ақшаны қайтарудан бас тарту (13,6%), жүкті тасымалдау ережелері (12,3%) және теміржол көлігіне билеттерді сатып алу кезінде кезектің (7%) бұзылуы бойынша шағымданғандар басым болды.

Өтініштерді талдаудан басқа, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша да әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Оған Қазақстанның 17 өңірінен 20 мың респондент қатысты. Зерттеу қорытындысы бойынша, азаматтардың көбінесе медицина қызметкерлерінің (26,5%), интернет-провайдерлердің (23,4%), қалалық қоғамдық көліктің (21%), ұялы байланыстың (18,4%), ТЖ көлігі (18,1%) қызметтеріне қанағаттанбайтыны анықталды. «Қанағаттанарлықсыз» деген нұсқаны көбінесе Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Қостанай облысының тұрғындары таңдаған. Шымкент қаласы мен Алматы, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары да қызметке теріс баға берген. Сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік органдарға түсетін шағымдардың өсуі, сондай-ақ азаматтық зерттеу нәтижелері, жұмыстар мен тауарлар, қызметтер көрсету сапасын түбегейлі жақсарту қажеттілігін көрсетеді, – дейді С.Құсайынов.

Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті төрағасы орынбасарының сөзіне қарағанда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңды ең алғашқылардың бірі болып қабылдады. Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің көшбасшыларымен бірлесіп, жыл сайын заңнаманы шындыққа бейімдей отырып, оны жаңғырту бойынша үлкен жұмыс жүргізеді. Мәселен, шілдеде ҚР Үкіметі жаңындағы тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі бірінші ведомстволық кеңес өтті. Онда тұтынушылық құқықты қорғау жүйесін жақсарту жөніндегі проблемалар мен ұсыныстар талқыланды. Тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша заңнамалық актілерге түзетулердің 2-пакетін әзірлеуге бастамашылық етілді. Бұл маңызды қадам құқықтық оқшылықтарды жоюға, заң базасын жетілдіруге, үкіметтік емес ұйымдардың рөлін күшейтуге бағытталған.

Парламент Мәжілісіне қолданыстағы заңға түзетулердің 2-пакетін енгізу екінші жартыжылдыққа жоспарланып отыр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізі комитеттің заң шығару бастамаларында қаланған. Онда тұтынушылардың құқығын қорғау мәселесі бойынша Ұлттық тұтынушылар қауымдастығы мен омбудсмен институтының мәртебесін бекіту талап етіледі. Сондықтан 2022 жылға арналған негізгі міндет – тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік стратегияны іске асыру, тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, бизнесті клиентке бағдарлануға ынталандыру. Соның нәтижесінде 2025 жылға қарай мемлекеттік реттеу тиімділігі деңгейін 80%-ға дейін ұлғайту көзделуде.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

маған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 1-бөлігімен 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейін әкімшілік қамқор алу түріндегі жауапкершілік жазаға тартылады.

Сонымен қатар, кәмілет жасқа толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық

мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы заңды өкілдеріне 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы қолданған жазалар нәтиже бермесе, сот тәртібімен бұндай ата-аналарға ата-аналық құқығын шектеу, одан әрі айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Қазталов аудандық №2 сотында 2021 жылы кәмілетке толмаған балаларын тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі міндетін тиісті орындамағаны үшін 11 тұлға әртүрлі әкімшілік жазаға тартылған. Мысалы, жасөспірім К.М. Жалпақтал ауылында ұрлық жасап, 16 жасқа толмауына байланысты, Қылмыстық кодекстің

15-бабының 1-бөлігіне сай қылмыстық жауапкершілікке босатылған. Нәтижесінде, бала тәрбиесімен дұрыс айналыспағаны үшін анасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 3-бөлігінде көзделген әкімшілік жазаға тартылып, оған 40838 теңге айыппұл салынды.

Отбасы бақытын еселеу жас ұрпаққа байланысты. Сол ұрпақтың тәрбиесі алдыңғы толқынның парызы мен қарызы десек, еш қателеспейміз.

Айгүл БИСЕНОВА,
Қазталов аудандық
№2 сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

БІТІМГЕ КЕЛУДІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Еліміздің сот жүйесіне медиация институтының енгізілуіне он жылдан асты. Осы уақыт ішінде қаншама істер бейбіт келісімге келу арқылы шешіліп, тараптардың риза болуымен шешіліп жатыр. Өйткені бітімгершілік жолы қазаққа бұрыннан таныс, етене жақын. «Алдына келсе, атаңның құнын кеш» дегенді ұстанған ата-бабамыз айыптыға айыбын төлетіп, жәбірленушінің залалын өтеп, істі барынша әділ жолмен шешу арқылы қазақ даласында түрмесіз-ақ тентекті тезге сала білген. Бүгінгі күні осы жолды одан әрі дамытып, еліміздің сот жүйесі медиацияны мүмкіндігінше кеңінен қолдануда.

Билік айтудың озық үлгісі саналған бітімгершілік институтын азаматтық, әкімшілік істермен қатар қылмыстық істерде де кеңінен қолдану бүгінгі күннің басты мақсатының бірі болып отыр. Көп жағдайда халқымыздың «Медиация туралы» заңның барын және оның артықшылығын сотқа келгенде ғана естуі медиация жүйесінің кеңінен қолданысқа енуіне кедергі болып отыр. Егер еліміздегі барлық құрылым өз қызметіне жүгінген азаматтарға медиация заңдылығын түсіндіріп, медиаторларды араластырса, қылмыстық істердің де сотқа жетпей шешілуіне түрткі болар еді.

Медиацияны білместікпен қылмыстық әрекетке ұрынған, құқығын жетік біле бермей, қылмысты болған, абайсызда от басқан, бұрын қылмыс жасамаған адамға қолдану арқылы

түрме тұрғындарын азайтуға болады. Сондай-ақ кейбір ауыр емес қылмыстарға қатысты істерді бітімгершілік жолмен, атап айтқанда, тараптарды татуластыру, келісімге келтіру, жәбірленушінің кешірім жасауы арқылы сотқа жеткізбей шешудің маңызы зор. Осы орайда біздің елімізде де медиацияның сотқа дейін қолдану әдісін жетілдіру қажеттілігі сезіледі. Мәселен, Испанияда дауласушы азаматтар медиатормен кездескеннен кейін ғана сотқа шағым-арыз түсіре алады. Кеңседе отырған кез келген маман екі тарапқа медиацияның тиімділігін жан-жақты түсіндіруге міндетті. Өйткені, жәбірленушілер арасында да істі келісіммен бітіруді қалайтындар жетерлік. Сондай сәттерде медиатордың ақыл-кеңесі керек-ақ. Атап өтер жайт, елімізде болмашы істер үшін де темір торға қапалатындар жетерлік. Іс қозғалғаннан кейін құқықтық статистикаға автоматты түрде тіркеледі. Нәтижесінде іс қысқарған күннің өзінде, яғни адам сотталмаса да сотты болған саналады. Осылайша сот істері де көбейіп, азаматтарымыздың да құжаты «бүлінеді».

Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді. Сот жүктемесі де кемиді. Сондықтан медиацияны кеңінен қолдану – уақыт талабы.

Т.САЛИКОВ,
Алматы қаласы
Медеу аудандық №2 сотының судьясы

КИЕ

Ел болашағы – қазақ тілінде

Тәуелсіздік елімізге үлкен мүмкіндіктер есігін ашты. Сол мүмкіндіктердің ең басында мемлекеттік тіл тұрды. Ана тілімізді мемлекеттік тіл статусының бекіп, кең көлемді, жалпыхалықтық қолданысқа енуі – ел үшін мәртебелі қадамдардың бірі еді. Бұл ел мерейін өсірді, болашаққа деген сенімді нығайтты.

Мемлекеттік мекемелерде қарапайым халыққа қазақ тілінде, мемлекеттік тілде қызмет көрсету аясын кеңейтті, іс қағаздарының басым бөлігін ана тілінде толтырып, ресми ақпараттарды да мемлекеттік тілде таратты. Жаңа ғасырдың, жаңа дәуірдің мол мүмкіндігінің мемлекеттік тілді ерекше құндылық, халықтың тыныс тіршілігі есебіне алдыңғы қатарға шығаруы Қазақстанда жас мемлекеттің мерейін арттырды. Халықаралық қатынастардағы қазақ тілінің орнын айшықтады. Бүгінгі таңда кез келген елдің Қазақстандағы дипломаттары халықтық мерекелерде қазақ тілінде үндеу жолдап, Бас елшілердің өзі қазақ тілінде сөйлейтін болды. Мұның бәрі – Тәуелсіздіктің нығайғанының көрінісі.

ҚР Жоғарғы Соты да замана үдерістерінен кейін қалмай, ана тілінің мәртебесін арттыруға өзіндік үлесін тигізіп жүр. Елдегі сот жүйесінде мемлекеттік тілдің беделі артты. Сот істерінің басым бөлігі қазақ тілінде жүргізіледі. Халықтың талап-арыздарының да көпшілігі мемлекеттік тілде. Жүйедегі игі-шаралардың да дерлігі қазақ тілінде өтеді. Тіпті, сандық технологиялар да мемлекеттік тілде «сөйледі». Онлайн форматтағы барлық тетіктерді пайдалану ана тілінде жүзеге асады. Бұл мемлекеттік тіл мәртебесінің қанатын кеңге жайып, жалпыхалықтық тілге айналғанының көрінісі. Тіл мерейі – ел мерейі.

Е.ОҢДАБАЕВ,

Алақөл аудандық соты кеңсесінің бас маманы – сот отырысының хатшысы

ҚЫЗМЕТ

РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ ТӘРТІБІ

2021 жылдың қаңтарынан бастап «Әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылды.

Апостиль – құжатқа қол қойған тұлғаның қолының және оның өкілеттіктерін растайтын, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалығын қағаз түрінде немесе электрондық нысанда куәландыратын арнайы мөртаңба. Е-Апостиль қою рәсімінің негізгі мақсаты Гаага Конвенциясына қатысушы елдердің аумағында қолдануға арналған апостиль қойылатын құжаттардың түпнұсқалығына және тиісінше ресімделуіне кепілдікті қамтамасыз ету болып табылады.

«Е-Апостиль» ақпараттық жүйесі құжаттарды тіркеуге және апостиль «мөртаңбасын» электрондық түрде беруге арналған. Бұл – апостиль қойылған құжаттардың орталықтандырылған есебі мен бірыңғай мұрағатын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе. Ақпараттық жүйенің көптеген артықшылығы бар. Ол бір жұмыс күні ішінде апостиль мөртаңбаны қоюдың жедел орындалуын қамтамасыз етеді, негізгі ресми құжаттың түпнұсқалығын тексеруді оңайлатады. Себебі «Е-Апостиль» жүйесіне лауазымды тұлғалардың қолтаңбалар мен мөрлерінің үлгілері енгізілген. Ресми құжаттың түпнұсқалығын тексеру бір рет басу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) бар өтініш беруші электрондық апостиль ала алады. Бұрын уәкілетті органға апостиль қою үшін құжаттардың түпнұсқасы ұсынылатын. Қазір мұндай форматта қағаз құжатты ұсыну қажеттілігі жоқ және компьютер болған жағдайда үйден шықпай өтініш беруге болады. Егер қызмет алушының компьютері болмаған

жағдайда, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» коммерциялық емес акционерлік қоғамына жүгінген жөн.

Апостиль қою үшін ұсынылған құжат түпнұсқаны сканерлеу арқылы жүзеге асырылады (ксерокошірмелерден сканерлеуге жол берілмейді). Электрондық апостиль қою үшін ұсынылатын сканерленген құжат түпнұсқаға дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс, түзетулерге немесе мәтінді шимайлауға жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші ресми құжаттағы лауазымды адамның қойған қолы мен мемлекеттік органның мөр бедерінің қолда бар үлгілеріне сәйкестігін, сондай-ақ ресми құжатқа қол қойған лауазымды адамның ресми құжатқа қол қоюға өкілеттіктерінің болуын тексереді.

Өтініш пен ұсынылған құжаттар апостиль қою қағидаларының талаптарына сәйкес келген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйеде электрондық апостиль қалыптастырады және нәтижені көрсетілетін қызметті алушының «ежеке кабинетіне» жібереді.

Электрондық апостильдеудің басты артықшылығы апостиль шығаруға және оның түпнұсқалығын белгілеуге жұмсалатын шығын мен уақытты қысқартуға, апостиль қызметтеріне қол жеткізуді жеңілдетуге, алаяқтан қорғануға, құзыретті органдардың жүктемесін азайтуға, құжаттарды жоғалту қаупін азайтуға, халықтың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін және статистика жүргізуді жеңілдетуге көмектеседі.

Ж.ОРЫНБАЕВА,
Түркістан облысының Әділет департаментінің тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы

Асыл қазына

Кез келген халықтың ең үлкен байлығы – ана тілі мен мәдениеті. Ол – ұрпаққа мұра, асыл қазына.



А.МУХАМБЕТҚАЛИЕВ,
Ақтөбе қалалық сотының кеңсе бас маманы – сот отырысының хатшысы

Тіл бізге адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде, дүниетану, келісу, ой-өрісі мен интеллектуалды дамыту, сондай-ақ, басқа халықтардың тарихын зерттеу үшін берілген. Өрбір ұлт үшін ана тілі – ажырамас бөлік, киелі ұғым. Қазақ тілі өткен ғасырлардан, көшпенділік дәуірінен бастау алады. Осы тілдің тәуелсіздігі үшін қаншама соғыстар болды? Ата-бабаларымыздың арқасында бүгінде біз қазақша сөйлеп, араласып жатырмыз, көптеген шетелдіктер тілімізге қызығып, үйренуге талпынуда, соған қарап қазақ тілінің әлемдік тілдердің біріне айналуы мүмкіндігі зор деп айта аламыз. Өйткені, еліміз әлемдік аренада өзін енді ғана көрсете бастады.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Халқымыз тек тілімен ғана емес, ата-бабамыздан қалған бойына сіңірген әйгілі мәдениетімен де бай. Ұлтының тәуелсіздігі мен өркендеуі үшін күрескен қазақ батырлары қаншама?! Біз сол бабалар аңсаған еркіндікке жеттік.

Өткенді еске алып, бүгіннен өмір сүріп, болашаққа көз жүгірте отырып, ана тілден асқан байлық жоқ екенін түсінуіміз керек!

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

2. Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдылық даму басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабына сәйкес, 2022 жылғы 27 сәуірде сағат 15:00-де Алматы қаласы, 8-ші шағынауданы, 82-А мекенжайындағы конференц-залда 2021 жылдың қорытындысы бойынша сумен жабдықтау және су бұлу қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызмет көрсету тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

4. Жақындап қалған 2022 жылдың саяжай маусымында «Автомобилист» тұтынушылар кооперативінің қызметін тоқтатуға жол бермеу мақсатында бұған дейін қабылданған сот шешімі мен алынған әкімшілік шараларға қарамастан, Е.Н.Ульянова, В.Г. Федченко және Е.Ю. Маққолардың заңсыз ұстап отырған «Автомобилист» ТК мөрі жарамсыз деп танылсын.

6. «Байсалды Өмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 200940002307, жарғылық капиталының 50 000 000 (елу миллион) теңгенден 14 715 000 (он төрт миллион жеті жүз он бес мың) теңгеге

дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е755 көшесі, 13/3 үй, н.п.1, пошталық индексі 010000.

7. «КазПромСтройГрупп» ЖШС 2022 жылы 30 наурызда сағат 15:00-де кредиторлар жиналысы өтетінін хабарлайды. Мекенжайымыз: Ақтөбе қ-сы, Бөкенбай батыр к-сі, 21-үй. Тел.: 90 59 84, 90 76 98.

8. «Zell Invest» ЖШС несиегерлерінің назарына!
«Zell Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 161040021284, мекенжайы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» ықшамауданы, Мерген көшесі, 91/1 үй, 6 пәтер) «ТИМУС-construction» ЖШС-не қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды (БСН060740006351). Несиегерлердің «Zell Invest» ЖШС-не барлық талап-шағымдары, арыздары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады.

9. «ТИМУС -construction» ЖШС кредиторларының назарына!
«ТИМУС - construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Алматы қ., Қарибжанов көш, 64) «Zell Invest» ЖШС-не қосылу арқылы қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Қосылу тәртібі мен шарттары:
- қайта ұйымдастыру ерікті негізде жүзеге асырылады;

- «ТИМУС - construction» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Zell Invest» ЖШС-нің мүлкі (құқықтары мен міндеттері) «ТИМУС - construction» ЖШС-не беру актісіне сәйкес өтеді;
- «ТИМУС - construction» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Zell Invest» ЖШС қызметі тоқтатылады.

Кредиторлардың қосымша кепілдіктер немесе «ТИМУС - construction» ЖШС міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе орындау және залалдарды өтеу туралы талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі күнтізбелік ай ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша қабылданады.

ТАРАТУ

3. «Айбубек» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 150840015254, өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Шағымдар болған жағдайда жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай көлемінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Қаракұдық ауылы, Ж.Досмұхамедов көшесі, 12 үй.

5. «Омерта» ЖШС (БСН 130240007862) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 139 «а» үй, 316 пәтер.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIFROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-aly@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сағидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

СҰХБАТ

– Зұлфұхар Сансызбайұлы, көпшілікті алаңдататын атмосфералық ауа мен стихиялық қоқыстар мәселесі бойынша елімізде қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Осы проблемаларды шешу үшін министрлік бірқатар жүйелі шаралар қабылдауда. Атап айтқанда, елдегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін өңірлердегі экологиялық проблемаларды кешенді шешу жөніндегі Жол карталары іске асырылды. Атмосфералық ауаның сапасын қамтамасыз ету бойынша «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының іс-шаралары жүзеге асырылуда. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметін экологиялық реттеу және бақылау жүргізілуде. Анықтамалықтар әзірленуде және өндірістік нысандарда ең озық қолжетімді технологиялар енгізілуде. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жол картасы әзірленді. Тарихи ластануларды жою жүргізілуде. Экологиялық шиеленіс ошақтарының картасы әзірленді. Сондай-ақ экологиялық заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылуда.

– Атмосфералық ауаның ластануы бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесі десек, қателеспейтін шығармыз?

– Онының рас. Елімізде Теміртау, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Шымкент қалаларында атмосфералық ауаның жоғары ластануы орын алған. Оның басты себебі Алматы мен Нұр-Сұлтанда – жылу көздері (ЖЭО, қазандықтар), автокөлік және жеке сектор, Өскемен және Теміртауда – өнеркәсіп, Ақтөбе мен Атырауда – ескірген кәріз тазарту құрылыстары болып тұр.

Экологиялық проблемаларды соның ішінде атмосфералық ауаның сапасын жақсарту мақсатында министрлік аумақтық әкімдіктермен бірігіп, Экологиялық проблемаларды кешенді шешу бойынша Жол карталарын бекітті.

– Ластану көрсеткіші жоғары қалаларды атай кетіңізші.

– Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2024 жылға дейін 100% газдандыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 30 мың жеке үйдің 14 мыңы газға қол жеткізе алады, 3 мың үйі немесе 20 пайызы газға қосылған. Газдандырудың кешенді жоспары бекітілді. 1-ші және 2-ші ЖЭО су жылыту қазандықтары газға ауыстырылды, бұл шығарындылар көлемін 20 мың тоннаға немесе 25%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының атмосфералық ауаның ластану индексі 7-ні (жоғары ластану) құрайды. Мұнда жылу көздерінің үлесі 42% (2-3 ЖЭО – 49,5 мың тонна), автокөлік үлесі 52% (74 мың тонна), жеке сектор үлесі 14% (20 мың тонна). Былтыр желтоқсан айында 2-ші ЖЭО-ны жаңғырту бойынша ТЭН-ге мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, құрылысы аяқтау 2025 жылдың соңына жоспарланып отыр. ЖЭО жаңғырту шығарындыларды 2025 жылдың соңына дейін 37 мыңнан 6 мың тоннаға дейін немесе 83%-ға қысқартуға мүмкіндік береді. Қаланың жағдайына Алматы облысының 3 қала маңындағы ауданы да (Қарасай, Іле, Талғар) үлкен әсер етеді. Аталған аудандарда 32 мың



Зұлфұхар ЖОЛДАСОВ, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасы:

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШИЕЛЕНІС ОШАҚТАРЫНЫҢ КАРТАСЫ ӨЗІРЛЕНДІ»

үй газдандырылмаған. Оларды толық газдандыру 2023 жылдың соңына дейін жоспарланған.

Автокөлік бойынша, біріншіден, дизельмен жүретін қоғамдық көлік сатып алуға тыйым салынып, қала әкімдігі 335 электр және газ автобустарын сатып алды. Екіншіден, қалалық қоғамдық көлік тармақтарын кеңейту және қалаға кіре берісте көлік қоятын тұрақ аймақтарын құру жоспарлануда. Мақсат – қаладан тыс жерлерден келген азаматтар үшін қалалық қоғамдық көлікке ауысып отыру үшін жеке автокөлікті қою. Үшіншіден, ЖҚС-да отынның сапасын К4 және К5 экологиялық сыныптарына сәйкестігіне бақылау анықталды. Ол үшін «Техникалық реттеу туралы» заң қабылданды. Төртіншіден, қалаға кіре берісте және одан шыға берісте «Сергек» бекеттерінің 21 жүйесі, сондай-ақ 19 экопост орнатылды. Бесіншіден, қаланың жасыл қорын ұлғайту жоспары бекітілді. 2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам ағаш отырғызылды, биыл бұл көрсеткіш 1 млн-ға дейін жеткізіледі. Алтыншыдан, жел режимін зерттеуді компьютерлік модельдеу бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілуде, жел режимін ескере отырып, құрылыстың бас жоспарына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленуде.

Жалпы, айта кету керек, 2025 жылға қарай жол карталарын іске асыру 10 қалада атмосфераның ластану индексі жоғары деңгейден орташа деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл атмосфералық ауаның жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

– Кәріздік тазарту құрылыстары бойынша жұмыстар қалай жүріп жатыр?

– Республика бойынша барлығы КТҚ-ның 53 нысанын реконструкциялау және салу талап етіледі. Бұл жобаларды іске асыруда Үкіметтің мемлекеттік кепілдігімен халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚК) қарыздарын тарту есебінен қаржыландыру жоспарлануда. Бүгінде Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкі 4 жылдық жеңілдікті кезеңмен 15 жылға қарыз бөлуге дайын. Жалпы сомасы 104,3 млрд доллар болатын АДБ-ның 5 жобасының ТЭН-і бойынша (Балқаш, Сәтпаев, Степногорск, Жезқазған және Жанатас) «Мемсараптама» РМҚ-ның оң қорытындысы алынды. «ҚазЦентрГЧП» АҚ ұсынымы бойынша ТЭН алғашқы жартыжылдықта пысықталып, қайта енгізіледі.

ЕКДБ ТЭН бойынша 6 жоба (Ақтөбе, Аягөз, Риддер, Қапшағай, Қарағанды, Қарағанды-Пришахтинск) «ҚазЦентрГЧП» АҚ ұсынымы бойынша ТЭН бірінші жартыжылдықта пысықталып, қайта енгізіледі.

АДБ гранттық қаражаты есебінен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ТЭН әзірлеу басталды. Жобаларды іске асыру елдегі экологиялық қорығын жақсартуға, жаңа технологияларды енгізуді және КТҚ-ның 15 жыл бойы кепілді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– «Жасыл Қазақстан» жобасындағы жұмыстар ше?

– Жоғарыда аталған қалалардағы 16 ірі өнеркәсіптік нысан «Жасыл Қазақстан» жобасы шеңберінде шығарындыларды 20-дан 30%-ға дейін төмендету бойынша міндеттемелер қабылдады. Кәсіпорындар 2022 жылдың өзінде, Ұлттық жоспарға сәйкес, эмиссия нормативіне қол жеткізуге мүмкіндік бе-

ретін іс-шараларды әзірледі. 2021 жылы кәсіпорындардың экологиялық проблемаларын шешуге 167 млрд доллар бөлінді. Мысалы, «Kazakhmys Smelting» ЖШС кәсіпорны қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды орындау есебінен ластаушы заттар шығарындыларын азайтпақ. Балқаш мыс қорыту зауыты күкірт қышқылы цехының екінші желісін салуды жоспарлауда. Бұл күкірт диоксидінің шығарындыларын 2,3 есе, яғни 61 мың тоннадан 26 тоннаға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Жезқазған мыс қорыту зауыты жаңа күкірт қышқылы цехының құрылысын іске қосуды жоспарлап отыр. Онда күкірт диоксиді бойынша нормативтерді төмендету жылына 30 мың тоннаға (62 015,9-тен 32 015,97 тоннаға дейін) көзделген. Сондай-ақ, ERG компаниялар тобы алдағы 10 жылда кәсіпорындар бойынша шығарындыларды азайту үшін қолжетімді озық технологияларды енгізу арқылы шығарындыларды 67 мың тоннаға, оның ішінде қатты бөлшектер (46 мың тонна)

коқыс шығаратын кәсіпорындардың тізілімі жасалды. Былтыр ҚТҚ қалдықтарын қайта өңдеу үлесі 21%-ға дейін немесе 20 жылдық деңгейінен 2,7%-ға (2020ж. - 18,3%), өнеркәсіптік қалдықтар бойынша 38,2%-ға дейін ұлғайды. Ол 2021 жылы 36% болды. Алдағы уақытта біздің алдымызда оларды кәдеге жарату үлесін 24%-ға дейін, ал өнеркәсіптік үлесті 40%-ға дейін арттыру міндеті тұр.

– Қалдықтарды жинау ше?
– 134 қала мен ауданда қалдықтарды бөлек жинау енгізіліп, ол 65%-ды құрады. 96 елді мекенде сұрыптау енгізілді. Қалдықтармен айналысатын 205 ұйым тіркелген. Тарихи ластану проблемаларын шешу бойынша да жұмыстар жүргізілуде. ПХД қауіпті қалдықтарын және құрамында тол бар қалдықтарды жою жөніндегі қондырғылар Қазақстанға БҰҰ-дан (ЮНИДО) өтеусіз негізде беріледі. Биыл жабықталып жеткізу күтілуде. 2021 жылдан бастап «Қошқарата» қалдық қоймасын қалпына келтіру бойынша жоба жүзеге асырылуда. Оған

мен газ тәріздес заттарды (21 мың тонна) азайтуды жоспарлауда. Сондай-ақ ластаушы заттардың шығарындыларын Павлодар алюминий зауыты ЖЭО-да 48 мың тоннадан 24 мың тоннаға, Еуроазиялық энергетикалық корпорация электр станциясы шығарындыларын 58 мың тоннадан 47 мың тоннаға, Ақтөбе феррокорытпа зауыты 9 мың тоннадан 5 мың тоннаға, Ақсу феррокорытпа зауыты 22 мың тоннадан 16 мың тоннаға, Қазақстан электролиз зауыты 1,7 мың тоннадан 1,2 мың тоннаға дейін төмендетпек.

– Азаматтарды алаңдататын тағы бір өзекті тақырып – қалдықтарды орналастыру мәселесі. Бұл бағыттағы шаруа қалай жүреді?

– Рұқсат етілмеген қалдықтардың ғарыштық мониторингін жасалып, 7328 рұқсат етілмеген коқыс орындары анықталып, олардың 6740-ы немесе 89% жойылды. Қызылорда, Атырау облыстарында және Алматы, Шымкент қалаларында коқыс үйінділері толығымен жойылды. Министрлікке «жедел желі» арқылы келіп түскен 479 өтініштің 54%-ы (258) стихиялық коқыс тастайтын жерлерге тиесілі. Мәселелерді шешу үшін қолданыстағыларды жою және жаңа стихиялық коқыстардың пайда болуына жол бермеу бойынша кешенді шаралар әзірленді. Атап айтқанда, дүлей коқыстардың пайда болуының жолын кесу бойынша бірлескен бұйрыққа (ІІМ, ИИДМ, ЭГТРМ) қол қойылды. Тұрғындардың стихиялық және контейнерлік коқыс тастайтын жерлерге өтініштерін ден қою жөніндегі «жедел желі» іске қосылды.

Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындарға 68 лицензия беріліп,

1 млрд теңге қаражат бөлінді. 2022 жылға 3 млрд теңге қарастырылды, жоба 24 жылға дейін іске асырылады.

– Экологиялық заңнаманы жетілдіру мәселесі қашан шешімін табады?

– Былтыр екінші жартыжылдықтан бастап жаңа Экологиялық кодексе күшіне енді. Оны іске асыру үшін 133 құқықтық акт әзірленді. Олар ең озық қолжетімді технологияларды енгізе отырып, кешенді рұқсаттарға көшу келешекте ірі компаниялардың шығарындыларын 60%-дан астам қысқартуға, мемлекеттік жоспарлау құжаттарын стратегиялық экологиялық бағалауға, 1-санаттағы нысандар үшін шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін міндетті түрде енгізуге және деректерді уәкілетті органға беруге мүмкіндік береді.

Министрлік экологиялық ақпаратты цифрландыру бойынша да жұмыс жасап, бірыңғай экологиялық портал әзірленді. Кәсіпорындардың өндірістік экологиялық мониторинг есептері цифрландырылып, автоматтандырылды, барлығы 3719 есеп келіп тұсты. Табиғат пайдаланушылардың санаттылығын айқындау тәртібі автоматтандырылды. Бүгінгі күні 27 мың кәсіпорынның санағы айқындалды. Автоматтандырылған тіркеумен және жұртшылық үшін қолжетімділікпен қоғамдық тыңдаулардың электрондық порталы құрылды. Болашақта көрсетілетін «сараптама», «рұқсат» сияқты мемлекеттік қызметтерді терең цифрландыру бойынша жұмысты жалғастырамыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!
Сұхбаттасқан Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

ХАЛЫҚТЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билік басына келгелі халықтың өл-ауқатын көтеру мәселесін ұдайы айтып келеді. Қаңтар айындағы қасіретті күндерден соң да халыққа арнаған сөзінде: «Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың өл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз», – деген бо-

латын. Шын мәнінде, Президенттің бұл сөздері сол кездері халықты қуантып, еңсесін тіктеп тастады. Өйткені халыққа керемет де осы болатын.

Осы орайда экономист Илияс Исаев: «Жұмыс орындарын көбейте отырып, халықтың өл-ауқатын арттыруға тырысқан Мемлекет басшысының бастамасы өте дұрыс. Халықтың өл-ауқаты дегеніміз – өмір сүру сапасы. Ал өмір сүру сапасы қашан жақсы болады? Тұрғындардың табысы артқан кезде жақсы болады. Мұның барлығы бір бірімен тығыз байланысты дүниелер.

Ең бастысы, бастама барлық жағынан тиімді. Елдің экономикасы да көтеріледі. Халықтың өл-ауқаты да артады. Отандық өнім көбейіп, сол арқылы бағаны ауыздықтап отыруға мүмкіндік туады. Айналып келгенде, бағаның бақылануы халықтың тұрмыс сапасына да оң әсер етеді. Біз қанша жылдардан бері осы мәселеге қырын қарап келдік. Зардабын да тарта бастадық. Менің бір байқағаным, бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ең алғашқы жолдауынан бастап айтып келеді. Карантин кезінде «ауылшаруашылығын дамытуға

ден қойсақ екен, не болса соны кәсіп қылмай, халықтың нақты ауылшаруашылығына бет бұруының болашағы зор» дегенді қайта-қайта атап өтті. Мемлекет басшысы мәселенің шығу тегінің анық байқап, соған сай шешім қабылдап жатқаны қуантады. Енді тезірек осыларды іске асыруға тырыссақ, мәселенің шешімі табылып, ел экономикасы да артып, халықтың да өмір сүру сапасы жақсарғалы отыр. Президент Жолдауынан соң халықтың ертеңіне деген сенімі күшейіп келе жатқаны анық байқалды. Жолдауда аталып өткендей, Семей,

Ұлытау, Жетісу облыстарының құрылуы да халықты қуантты. Облыстардың санының артуы да оның тұрғындарының мәселесін оңай шешуге ықпал етеді. Сондықтан қазір атқарылып жатқан шаралардың барлығы халықтың өмір сүру сапасын арттырудың алғышарты екенін сезініп отырмыз», – дейді.

Елдің қалауы ертен емес, бүгін жақсы өмір сүру екенін ескерсек, халықтың өл-ауқатын арттыруға арналған бастамалар ел-жұртты қуантып отыр.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы Жаная Есмағанбетова
8 705 398 62 83.

Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.

Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.

Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.

Шығыс Қазақстан облысы Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665

Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамедиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

E-mail: zankl@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №38 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zankmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31